Список использованной литературы:

1 Encyclopaedia of Islam. Edited by C.E. Bosworth, E. van Donzel, W.P. Heinrichs and the late G. Lecomte. – Vol. 9. – Leiden: Brill, 1997. – 920 p.

2 Гогиберидзе Г.М. Исламский толковый словарь. – Ростов н/Д.: Феникс, 2009. – 266 с.

3 لاله // <http://arabus.ru/search/%D8%AD%D9%84%D8%A7%D9%84>

4 Эко-халяль становится модным трендом // <https://vestikavkaza.ru/articles/Eko-khalyal-stanovitsya-modnym-trendom.html> 02.06.2016.

5 Коран 33:72.

6 Коран 2:30.

7 Коран 17:37.

8 Коран 7:56.

9 Сборник хадисов «Сахих аль-Бухари». Ислам и экология (из цикла «Халяль и харам в Исламе») // http://rdum.info/religious-rites/religious-rites_35.html

10 Рычкова Н.В., Стоярова Г.Р., Рычков С.Ю., Шакнис Ж.Б. Халяльный маркетинг в поликультурном регионе // Регионоведение. – 2018. – № 2 (26). – С. 278-295.

8 Леухин А.Н., Вакуленко Ю.Э. Перспективы внедрения программы обслуживания «Halal Friendly» на предприятиях индустрии гостеприимства Астраханской области // Инновационные технологии в образовании и науке: материалы III Междунар. науч.-практ. конф. – Чебоксары: ЦНС «Интерактив плюс», 2017. – С. 300-303.

9 Калимуллина М.Э. Институциональные особенности исламского бизнеса: опыт и проблемы. – 2011. – 200 с.

10 Хайруллоев Ф.С. Принцип справедливости в мусульманском праве. – Академия Управления МВД России, 2007. – 181 с.

11 Горбачева А.Ф. Влияние институтов ислама на внутрикорпоративные отношения. – Санкт-Петербургский государственный университет, 2012. – 194 с.

12 Ali M., Agushi M. Eco-Islam: Integrating Islamic Ethics into Environmental Policy for Sustainable Living // International Journal of Religion. – 2024. – Vol. 5, No 9. – P. 949-957.

13 Khalid F. Islam and the Environment – Ethics and Practice // Religion Compass. – 2010. – Vol. 4(11). – P. 707-716.

14 Ысырапшылдық – Алла сүймейтін іс // <https://www.muftyat.kz/kk/nasihathumaminberi/2019-09-10/21794-yisyrapshyilydyi-allasjmejtn-s/10.09.2019> ж.

15 Nasr S.H. Religion and the Order of Nature. – Oxford University Press, 1996. – 320 p.

16 Nasr S.H. Man and Nature: The Spiritual Crisis in Modern Man. – Harvard University Press, 2013. – 151 p.

17 Nasr S.H. Man and Nature: The Spiritual Crisis in Modern Man. – Kazi Publications, 2007. – 151 p.

18 Foltz R.C. Worldviews, Religion, and the Environment: A Global Anthology. – Thomson Wadsworth, 2002. – 620 p.

Раздел 2.

ХАЛАЛ ТҮСІНІГІ: МӘДЕНИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘНІ

Бағашаров Құдайберді Сабыржанұлы

2.1 «Халал» терминінің діни анықтамасы

Халал – Ислам дінінің негізгі ұғымдарының бірі, әрі мұсылман өмірінің барлық аспектілерін реттейтін маңызды құқықтық және этикалық категория. Араб тілінде «халал» сөзі «рұқсат етілген, заңды, еркін» деген мағыналарды білдіреді. Бұл терминнің негізінде кез келген мұсылманның күнделікті өмірде ұстануы тиіс қағидалар мен нормалар жатыр. Халал ұғымы тек тағам мен сусынға қатысты емес, сонымен қатар кез келген іс-әрекеттің, келісім-шарттардың, сауда-саттықтың, қарым-қатынастың және жалпы өмір салтының діни қағидаларға сай болуын қамтиды. Ислам діні халал мен харам категориялары арқылы мұсылмандарға қандай іс-әрекеттердің орындалуы немесе орындалмауы керектігін, не нәрсенің рұқсат етіліп, ал ненің тыйым салынғанын анық көрсетіп береді. Бұл екі ұғым мұсылман қоғамының этикалық және құқықтық нормаларын белгілеп, жеке тұлғаның да, қоғамдық қатынастардың да заңды шеңберде дамуына жағдай жасайды. Сондықтан халал мен харам – мұсылмандардың құлшылықта, саудада, тамақтану әдебінде, отбасылық және әлеуметтік өмірінде басты рөл атқаратын шариғи ұғымдар. Халалдың қарама-қарсысы – харам – «тыйым салынған, рұқсат етілмеген» мағынасын білдіріп, исламдық шариғатта мұсылмандардан аулақ болуды талап ететін нәрселерді қамтиды.

Халал ұғымының аясын түсіну үшін, оны Ислам құқықтану ғылымындағы (фикһ) және этикалық нормалармен салыстыра

отырып зерттеу қажет. Исламның құқықтық жүйесінде әрбір іс-әрекет белгілі бір шариғи үкімдермен – парыз, уәжіп, мұстахаб, мубах, мәкруһ және харам – бағаланып, реттеледі. Халал осы үкімдердің ішінде мубах пен мұстахаб категорияларына тығыз байланысты. Халалдың шариғи тұрғыдан дұрыс және заңды болуы үшін оның негізінде діни дәлелдер мен қағидалардың бар болуы шарт.

Фикһ ғалымдары халал мен харамның шекарасын нақтылау үшін түрлі әдістемелер мен терминологияларды қолданған. Әсіресе Имам Ағзам Әбу Ханифа, Имам Шафиғи, Имам Малик және Имам Ахмад ибн Ханбал сияқты классикалық дәуірдің ұлы ғұламалары халалдың шариғи мағынасын анықтап, мұсылмандардың әрбір іс-әрекетінде осы қағидаларды басшылыққа алу қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, халал мәселесін тек құқықтық ұғымдармен шектемей, оны мұсылманның мінез-құлқы мен моральдық ұстанымдарын қалыптастыру құралы ретінде де қарастырды. Қазақ тіліне «адал» ретінде сіңген «халал» сөзі сөздікте масдар ретінде «мубах, жаиз және еркін болу, рұқсат беру, харамнан немесе ихрамнан шығу» дегендей әртүрлі мағыналарға келеді. «Халал» сөзі зат есім ретінде «харамға» қарсы мәндегі сөз болып табылады. Жаиз және мубах сияқты терминдер де араларында кейбір айырмашылықтар болғанымен, көбіне халалға синоним ретінде қолданылады және діни әдебиетте міндетті тұлғаның орындауға немесе орындамауға ерікті болған әрекеттерін білдіреді.

Халал ұғымының баламасы ретінде «хилл» сөзі де қолданыста бар. Араб тілінде «һлл» түбірі, оның туындылары арқылы әртүрлі мағыналарға ие кең қолдануға ие болып, мысалы, осы түбірден шыққан «хулул» масдары «қарыз мерзімінің аяқталуы немесе қа-рыздың төленуі қажет болу, бір нәрсеге немесе жерге түсу немесе сол жерде тұру»; «халл» масдары «мәселені немесе түйінді шешу, еріту»; «халил»

«бөлмелес, көрші, ерлі-зайыпты» деген сияқты мағыналарды білдіреді [1]. Исламда халал-харам ұғымы әдетте фикһ саласында көп қолданылады. Ислам құқық ғылымдарының докторы И. Бердалиевтың түсіндіруінше, ислам құқығының ерекше атауы болып саналатын «фикһ»-тың сөздік мағынасы – білу, түсіну, қылмыскер ретінде түсіну, бір нәрсенің негізгі үкімін білу, сөздің құпия мағынасын түсіну сияқты мағыналарды білдіреді. Ал, фикһ сөзінің терминдік мағынасы: «Адамның амалы тұрғысынан өзіне және басқаларына қатысты шариғи үкімдерді білуі». Басқаша айтар болсақ, «Амал туралы, яғни ғибадат, құлшылық және қарым-қатынасты егжей-тегжейлі дәлелдермен үкімдерді білуден тұрады». Осы үкімдерді толық білетін адам «фақиһ» деп аталады. Олай болса, «Фикһ ғылымы» адамға және қоғамға қатысты шариғи үкімдерді егжей-тегжейлі дәлелдермен баяндайтын ғылым. Сипаттамасынан түсінгеніміздей бұл ғылым діни, саяси және азаматтық өмірдің барлық аспектілерін кеңінен қамтиды. Нақты айтар болсақ, жеке адамның ғибадатына және қоғамға қатысты барлық тәртіпті қадағалайды. Оның ішінде отбасы, мұра, соғыс және қылмыс сияқты әлеуметтік өмір қатынастарына сәй-кес жасалуы немесе жасалмауы мүмкін болған үкімдер жинағы. Сайып келгенде, ислам мемлекеттерінің қызметтерін басқару және ұйымдастыру. Құқықтық, қылмыстық заңдар мен пайымдау процедуралары, юриспруденцияның шеңберіне кіреді [2]. Түрік зерттеушісі Ферхат Кожаның кең тарқатып түсіндіруінше [3], «халал» сөзі және оның әртүрлі туындылары Құран Кәрімде елу жерде кездеседі (М.Ф. Абдулбақи, әл-Муғжам, «һll» б.).

Бұл аяттарда сөздің әрі сөздік, әрі терминдік мағынада қолданылғаны көрінеді. Олардың арасында «шешу» (Таһа сүресі 20/27), «ихрамнан шығу» (әл-Мәида сүресі 5/2), «түсу» (Һуд сүресі 11/39; әр-Ра'д сүресі 13/31; Таһа сүресі 20/81), «шығу»

(әл-Мәида сүресі 5/2), «мубах және еркін болу» (Бақара сүресі 2/196, 228, 229; әл-Мәида сүресі 5/5, 88; ән-Нахыл сүресі 16/116; әл-Хаж сүресі 22/30; әл-Ахзаб сүресі 33/52), «халал ету» (әл-Бақара сүресі 2/275; әл-А'раф сүресі 7/157; әт-Тахрим сүресі 66/1) сияқты мағыналар бар. Сөз әртүрлі туындыларымен көптеген хадистерде де кездеседі. Мысалы, «Кім менен уәсилә сұраса, оған шапаға-тым халал болады» (Бұхари, «Әзан», 8; Муслим, «Салат», 11; Әбу Дәуіт, «Салат», 36, 37) хадисінде «қажет болу, уәжіп болу»; «Егер жанымда құрбандық түйе болмағанда, ихрамнан шығар едім» (Бұхари, «Хаж», 32; «Умра», 6; Муслим, «Хаж», 141, 214; Әбу Дәуіт, «Манасик», 23) деген мағынадағы хадисте ихрамнан шығу; «Маған олжа халал етілді, бірақ менен бұрынғы ешбір пайғамбарға халал етілмеді» (Бұхари, «Тәйәммум», 1; «Салат», 56; Муслим, «Мәсажид», 3, 5; Әбу Дәуіт, «Жиһад», 121) және «Теңіздің суы таза, өлігі халал» (Әбу Дәуіт, «Тахарат», 41; Тирмизи, «Тахарат», 52; Нәсаи, «Тахарат», 46) деген хадистерінде «мубах және еркін болу» мағыналарында қолданылған. Ал енді фикһ термині ретінде «халалдың» анықталуына келейік.

Фикһ термині ретінде «халал» әртүрлі тәсілдермен анықталған. Алааддин әс-Самарқанди, іс болуы тұрғысынан үкімдердің сипаттарын харам, мухаррам, махзур, мәһни және мәкруһ және оларға қарсы мәнде халал, мухаллал, мубах, мә'зун, мутлақ және машруғ түрінде екі негізгі категорияға бөледі (Мизану'л-усул, б. 40). Екінші топтағыларды өз ішінде жіктеген Самарқанди халал, еркіне қалдырылған (мутлақ) және рұқсат етілген (мә'зун) ұғымдарының бір-біріне ұқсас екенін; мандуб, сүйікті (махбуб) және разы етілген (мәрза) терминдерінің де бір-біріне тең екенін айтып, машруғ ұғымының бұлардың бәрін қамтитынын, яғни ең кең шеңберді құрайтынын айтады (аталған еңбек, б. 42).

Самарқанди халалды «шариғи тұрғыдан рұқсат беріп, еркін қалдыру», тахлилді болса «қарсысында тыйым, шектеу (хажр)

және шектеу (тәкид) жасау мүмкін болған бір кісі туралы кез келген іс-әрекетті рұқсатпен еркін қалдыру» деп анықтайды (аталған еңбек, б. 44). Екінші анықтамада «еркіне қалдыру» сипатымен қатар, ақыл-есі жоқ жындылар мен жануарлардың іс-әрекеттерін анықтамадан шығаратын қосымша элементтер бар; өйткені олар туралы рұқсат пен хажр мәселесі болмағандықтан, олардың іс-әрекеттері халалдық және харамдықпен сипатталмайды. Әллі хадис бойынша, құдайлық үндеу (иләһи хитап) болмағандықтан, ақыл-есі толған жасқа жетпеген баланың іс-әрекеттері де халалдық және харамдықпен сипатталмайды. Ханафилер болса, осы категорияға кіретін балалардың іс-әрекеттері туралы тыйым салу үндеуі (неһий хитабы) болмағандықтан, харамдықпен сипаттала алмайтынын қабыл еткенмен, олар туралы Алладан рұқсат болғандықтан, олардың іс-әрекеттері халалдық, мубахтық немесе мұстахабтық қасиеттермен сипаттала алады деп алға тартқан (аталған еңбек, б. 44). Сеййд Шәриф әл-Журжани «жасалуы себепті оған жаза берілмейтін нәрсе» және «шариғаттың жасалуын еркін қалдырған нәрсе» (әт-Тарифат, «халал» б.) деп, халалдың екі анықтамасын жасаған. Бұлардың біріншісінде, қылмыс пен жазаның заңдылығы принципінен шығып, шариғатта оған қатысты қандай да бір жаза жоқ іс-әрекеттің харам, яғни тыйым салынған болмайтынын, бұл болса аталған іс-әрекеттің халал, еркін және заңды іс-әрекет екенін білдіретініне нұсқалады. Бұл анықтаманың алғашқы бастау нүктесі, туралы шариғи дәлел жоқ нәрселерде мубахтықтың негіз екендігі туралы негізгі қағида. Екінші анықтамада болса, діннің кез келген іс-әрекетті еркін қалдыруы негізі алынады. Бұл анықтамадан, заң шығарушының (шариғат иесінің) әдейі еркін қалдырған кейбір еркін (мубах және жаиз) салалардағы іс-әрекеттерді де қоса отырып, барлық салада үкімі бар деген мағына шығады және бұл қабылдың артында, туралы шариғи дәлел жоқ нәрселерде тахримнің негіз екендігі туралы негізгі таңдау жатады.

Жалпы алғанда, Имам Мәлік пен Шафиғиға тиесілі деп саналатын «харам етілгеніне қатысты дәлел жоқ нәрсе» түріндегі халал анықтамасы Журжани келтірген бірінші анықтамамен параллель болып, бұл олардың, туралы қандай да бір шарифи дәлел болмаған салаларда мубахтықтың негізге алынуы керек деген көзқарастарынан туындайды. Сондай-ақ, Әбу Ханифаға телінген «халалдығы туралы қандай да бір дәлелі бар нәрсе» (Нәуәуи, әл-Арба‘ун, б. 20; Ибраһим б. Мәр’и әш-Шәбәрһити, б. 91; Мv.F, XVIII, 75) анықтамасынан да оның, туралы шарифи дәлел болмаған мәселелерде тахримнің негіз екенін қорғағаны түсініледі (асли ибахаға қатысты доктриналық талқылаулар үшін қараңыз: Суюти, б. 133-135; Ибн Нужайм, б. 73-74).

Мубах сөзін түсіндіре кетсек, Құран Кәрімде және хадистерде мубах сөзі кездеспейді; алайда, Пайғамбарымыздың кейбір сөздері мен іс-әрекеттеріне қатысты риуаяттарда масдары ибаха және истибаха болған етістіктер кездеседі (Wensinck, әл-Му‘жам, “bvḥ” б.). Ибаха анықтамасында усулшылар негізге алған тахйир (таңдау құқығын беру, еркін қалдыру) және осы түбірден шыққан хийера (таңдау құқығы) сөздері екі аятта кездеседі (әл-Қасас сүресі 28/68; әл-Ахзаб сүресі 33/36), тахйир масдарынан шыққан етістіктер көптеген хадистерде орын алады. Ерте кезеңдегі фикһ ғалымдарының бірі Мұхаммед б. Хасан аш-Шейбани әс-Сийәрүл-кәбир еңбегінде мубах және ибаха сөздерін техникалық мағынада емес, адамның және малдың қол сұғылмастығы жойылатын кейбір жағдайларды көрсету үшін қолданған (Сарахси, I, 191, 318; Ахмад Хасан, б. 38, 57).

Фикһ усуліндегі мағынасы бойынша мубах терминінің қалыптасу процесінде Имам Шафиғи маңызды рөл атқарғаны көрінеді (мубах ұғымының және ибаха масдарынан шыққан етістіктердің қолданылуына қатысты мысалдар үшін қараңыз: әл-Үм, I, 186; II, 137, 197; III, 2, 122; V, 162; Ихтилафул-хадис, VII, 59; әр-Рисала, б. 209, 229). Алғашқы ханафи усул

кітаптарының бірі болған Жассас өзінің әл-Фусул фи-л-усул еңбегінде (II, 89) мубахты «жасалуы сауапты да, жасалмауы күнәлі де болмайтын іс-әрекет» деп сипаттайды. Алғашқы шафиғи усулшыларының бірі Ибн Фурәк өзінің анықтамаларға арналған еңбегінде ибаханы «абсолютті мағынада рұқсат ету», ал мубахты «ибаха (рұқсат) аясында болатын, жасалуы немесе жасалмауы үшін арнайы сөгіс немесе мадақ айтылмайтын және адамды оны істеу немесе істемеуде еркін қалдыратын нәрсе» деп сипаттайды (әл-Худуд фи-л-усул, б. 137-138) [4].

Шариғи үкімдердің уәжіп, харам және мубах түріндегі үштік бөлінісін қабылдаған Шәукани бұлардың біріншісінің ашық халал, екіншісінің ашық харам, үшіншісінің көмескілігі себебі-мен халал немесе харам екені білінбейтін күмәнді нәрселер екенін айтады (Нәйлүл-әутар, V, 235-236). Мұнда халал мен харамның ашық болуы дегенде, олардың харамдық немесе халалдық туралы түсіндірмеге мұқтаж болмауы немесе ортақ болмауы айтылуда. Бұл жіктеу, мубах пен мәкруһты күмәнділер қатарына қосатындардың көзқарасына сәйкес келеді. Алайда, Журжани келтірген анықтамалардан «жасалуы себепті оған жаза берілмейтін нәрсе» деген сөз тіркесі, яғни «дінде (шариғатта) қарсысына қандай да бір насс жоқ нәрселер» түріндегі халал анықтамасы, басында бастау нүктелері әртүрлі болғанымен, шариғаттың жасалуын еркін қалдырған немесе мубах және жаиз себеппен Құран мен Сүннеттің еркін қалдырған нәрселерін де (Таханәуи, I, 347-348) қамтитын кеңдікте көрінеді. Себебі жасалуы себепті оған жаза қолдануға қажеттілік жоқ әрекет мұкәлләфтің уәжіп, мұстахаб және мубах деп саналатын барлық істерін қамтиды, бұл жағдайда халал, Самарқанди сызып берген ұғымдық шеңбердің ең кең бөлігін құрайтын машруғ терминімен мағыналас болып шығады. Осыған сәйкес, уәжіптің жаиз, жаиздің де әмір мағынасын таситыны немесе мубахтың әмір

етілген, яғни тәкліфке енгізілген іс болып-болмауы туралы усулдық талқылауларды бір жағына қойғанда (Ғазали, әл-Мустафа, I, 73-75; Мансуризаде Саид, б. 81-89), осындай кеңдікке ие халал ұғымы, біріншіден «шариғи тұрғыдан өзіне рұқсат етілген жаиз нәрселер» болуы тұрғысынан мұстахаб пен мубахты; екіншіден, тасталуы тыйым салынғанымен, адамның негізгі мүдделеріне қатысты қандай да бір қиындықты жою сияқты мағынаны да қамтитын уәжіпті өзіне алады.

Сондай-ақ, мүкәлләф шариғи тұрғыдан Алланың халал еткен нәрсесіне байланып, харам еткен нәрселерінен аулақ болуға бұйырылғандықтан, уәжіп толықтай халалға қатысты болады. Жаиз ұғымын түсіндіре кетсек, ол сөз – көбінесе рұқсат берілген, күнә емес деген мағыналарға келеді [5]. Түп негізі «өтіп кету, мүмкін болу, жарамды және еркін болу» деген сияқты мағыналарға келетін жәуаз түбірінен шыққан есім болып, Ислам құқықтануында бір сөз немесе әрекеттің діни немесе құқықтық негіздерге сәйкестігін, оның жасалуының еркін және жарамды екенін білдіру үшін қолданылады. Құранда кейбір іс-әрекеттердің еркін болып, тыйым салынған немесе күнәлі топқа кірмейтіндігі әртүрлі тәсілдермен айтылса да, бұл үшін жаиз сөзі қолданылмаған.

Хадистерде болса, бұл сөз терминдік мағынасында кездеседі (мысалы, қараңыз: Ибн Мәже, «Ахкам», 23; Әбу Дәуіт, «Ақдия», 12, «Даһая», б). Алғашқы дәуірлерден бастап Ислам ғұламалары тарапынан кеңінен қолданылған жаиз («жаиз болады» – «жаиз болмайды») сөзі Ислам құқықтануының белгілі салаларында әртүрлі қолдану және мағыналарға ие болғаны байқалады. Фикһ усулінде жаиз ұғымының, діндегі бес негізгі тәклиф үкімдерінің бірі болып табылатын мубахпен тығыз байланысы бар. Арасында Ғазалидің де болған бір топ усулшыларға сәйкес, жаиз мубахпен мағыналас болып, адамның істеу немесе істемеу мәселесінде діни тұрғыдан

еркін қалдырылған әрекеттерді білдіреді. Бұл мағынада жаиз, жасалуы міндетті болған уәжіп пен жасалуы ұсынылған мұстахабтан ерекшеленеді. Бірақ Жәмәләддин Ибнул-Хажиб, Садрушшериа, Ибнул-Хұмам, Ибн Абдушшәкүр сияқты кейбір усулшыларға сәйкес, жаиз мубахтың қатарында діни немесе ақыл тұрғысынан мүмкін емес немесе екі жағы да тең болған әрекеттерді де білдіреді. Бұл түсінікке сәйкес, жаиз мубахтан кеңірек ұғым болып, харам және тахримән мәкруһтан басқа қалған тәклиф үкімдерінің бәрін, яғни уәжіп, мұстахаб, мубах және тензихән мәкруһты қамтиды. Бірақ бұл екінші анықтама, біраз да болса кәләм және логика ғылымындағы жаизді де анықтама аясына енгізу талпынысынан туындаған.

Фикһ усулінде жаиз мәселесінде туындаған тағы бір талқылау жәуаздың шариғи үкім болып-болмауы. Көпшілікті құрайтын усулшылар шариғи үкімді ужуб, хурмет және жәуаз = ибаха түріндегі үш негізгі категорияда қарастырып, жәуазды да «шариғат иесінің үндеуінің нәтижесі» деп бағалап, оны шариғи үкімнен деп санаған. Арасында кейбір ханафи және шафиғилер болған басқа усулшылар болса, жәуазды, «шариғат пен заңның ауқымы сыртында қалған, туралы үкім берілмеген немесе еркіндік білдірілген негізгі жағдай» деп анықтап, заттарда ибаханың негіз екендігінен шығып, жаизді де «шариғат иесінің үндеуінің жоқтығының нәтижесі» ретінде түсіндірген. Фикһ қайнарларында болса жаиз әдетте, жасалуына күнә жүктелмейтін іс-әрекеттерді білдіруде және әрекеттің діни құқыққа (шариғатқа) сай келуі мағынасында қолданылады. Бұл мағынада жаиз пен халал және машруғ ұғымдары арасында тығыз байланыс бар.

Шынында да, халал болмайды мен жаиз болмайды тіркестерінің фуру кітаптарында мағыналас ретінде жиі қолданылғаны байқалады. Екінші жағынан, әсіресе ханафи қайнарларында келісімдердің Құранға, Сүннетке және құқық-

тық логикаға сәйкес келуі көрсетілгенде кейде машруғ орнына жаиз термині де қолданылуда. Ислам құқықшылары ғибадат, әрекет, келісім және құқықтық мәмілелерді сахих, батыл және фасид түрінде құқықтық бағалауға жатқызғанымен қатар, оларды діни негіздер немесе діннің жазбаша қайнарлары негізінде дамытқан көзқарастары тұрғысынан да бағалап, мұнда да көбінесе жаиз терминін қолданған. Бұл мағынада жаиз, әсіресе ғибадат саласында сахихпен мағыналас болса да, мәмілелерде «қазаән үкім – дианетән үкім» айырмашылығына параллельді түрде сахихтан өзгеше мағынаға ие болған. Осы тұрғыдан жаиз көбінесе мәселенің діни тұрғыдан бағалануын білдіреді. Алғашқы ұрпақ Ислам құқықшыларында бұл айырмашылық көп кездеспесе де (Бұхари, «Шаһадат», 8; Дарими, «Уасайа», 15), кейінгі дәуірлерде бұл айырмашылыққа сәйкес қолданудың дамығаны байқалады. Осы себепті, мысалы, қайнарларда кездесетін «онымен дәрет немесе тазалануға жаиз болған сулар», «намаздың, сәжденің жаиз болуы» сияқты тіркестердегі жаиз сөзімен сахих меңзелген болса, аят немесе хадиспен тыйым салынған кейбір сауда түрлерінің жаиз деп қаралмауы, бірақ сахих, яғни құқықтық нәтиже тудыра алады деп қабылдануы осы айырмашылықпен түсіндіріледі.

Жаиз сөзі жалпы келісім теориясы саласында да біртіндеп арнайы мағынаға ие болып, әсіресе ханафи мектебінен тыс құқық мектептері міндетті емес келісімдерді жаиз келісімдер деп сипаттаған. Басқа сөзбен айтқанда, жаиз келісім – аренда, аманат, өкілдік келісімдерінде болғанындай екі жақтың немесе кепілдік және кефилдік келісімдерінде болғанындай қатысты бір тараптың қалаған уақытта бұзу мүмкіндігіне ие болған келісім түрін білдіреді. Жауапкершілік құқығы тұрғысынан жаиз, зиянды нәтижелері болса да, заңды шектен аспайтын, құқық тұрғысынан рұқсат етілген әрекет дегенді білдіреді. Бұл мағынада жәуаз құқықтық және қылмыстық жауапкершілікті

жояды. Шынында да, «жәуазы шариғи заманға (өтемге) мұнафи болады» жалпы қағидасында сөз болған шариғи жәуаз да істің жасалуы немесе тасталуы бағытында құқықтың басында берген абсолютті рұқсаты мағынасында [6]. Арасында Ғазали де бар бір топ усулшыларға сәйкес, жаиз адамның істеу және істемеу мәселесінде діни тұрғыдан еркін қалдырылған істерді білдіреді. Бұл мағынада жаиз, жасалуы міндетті болған уәжіп пен жасалуы ұсынылған мұстахабтан ерекшеленеді. Басқа бір топ усулшылардың жаизді, жасалуы діни және ақыл тұрғысынан мүмкін болған істер ретінде анықтауына негізделгенде, сол термин харам мен тахримән мәкруһтан басқа барлық тәкліфи үкімдерді қамтитындай кең ауқым алады. Осылайша жасалатын екі халал анықтамасына байланысты да халал мен уәжіп арасында, жаиз бен уәжіп арасындағы сияқты ішкі және сыртқы қатынас құрылуы мүмкін (Ғазали, әл-Мустафа, I, 74; Ибнул-Лаххам, б. 163).

Ғазалидің, уәжіптің «жауаз және ибаха» мағынасын бермейтінін алға тартқанда, ужубтың нәсх етілуі жағдайында жауаздың емес, ужубтан алдыңғы жағдайдың қайтып келетінін, ужубтан бұрынғы хал тахрим болса, іс харам, ибаха болса, әрекет мубах болатынын айтуы (әл-Мустафа, I, 73), мәселені кәләм мен фикһ усулінің маңызды проблемаларының бірі болған хусн және кубх мәселесімен, Алланың құлдары үшін ең пайдалы (аслах) нәрсені жаратуы сияқты негізгі талқылауларға алып барады. Бұл талқылауларға кірмей, мұнда, шариғатта халал етілген барлық іс немесе әрекеттер мүкәлләфтің зарурият, хажият және тахсиният шеңберіндегі кейбір мүдделерін қорғау және дамыту мақсатында уәжіп, мұстахаб немесе мубах етілгені айтылуы мүмкін. Пайғамбарымыздың, «халал Алланың кітабында халал еткен нәрселері, харам да Алланың кітабында харам еткен нәрселері. Туралы үкім білдірмеген мәселелер болса, сіздер үшін кешірген нәрселері» (Тирмизи, «Либас», 6;

Ибн Мәже, «Әтғима», 60; Шәукани, VIII, 120) хадисінде келген халал, шариғатта харамдардың қарсысы болған міндеттер мен жауапкершіліктерге (уәжіп) қатысты үкімдер болуы керек, және негізінде осындай халал мен харамдар Исламның құрылымдық және оны басқа діндерден айыратын негізгі принциптері ретінде де қаралуы мүмкін.

Халалдың шеңберіне уәжіптің кіруімен уәжіптің қарсысы болған харам ұғымы халалдың да қарсысы болады, осылайша халалдың сөздікте алып жүрген «харамның қарсысы болу» мағынасы да жүзеге асады. Осыған сәйкес, халалдың орталық шеңберін, шариғат иесінің жасалуын нақты және міндетті түрде қалаған істерінен тұратын уәжіп (ханафилерге сәйкес парыз), ең сыртқы шеңберді болса, істеген немесе тастағаны үшін қандай да бір мақтау немесе сөгіс болмай, жасалуы мен тасталуында Алланың рұқсат еткен нәрселерін білдіретін мубах құрайды. Халал ұғымының кеңдігіне қатысты алынған бұл нәтиже Ислам құқықшыларының жоғарыда келтірілген халал анықтамалары арасында мағына тұрғысынан қандай да бір айырмашылықтың жоқ екенін және келіспеушіліктің тек терминологиялық келіспеушілік екенін көрсетеді.

Фихһ кітаптарында, жалпы алғанда күнәсы жоқ және істеуге еркін болған амалдар мен олардың діни құқыққа сайлығын білдіру кезінде қолданылатын «жаиз» сөзі мен «халал» ұғымы арасында тығыз байланыс бар, және осы байланыс себепті фуру кітаптарында «халал болады» және «жаиз болады» тіркестері бір мағынада қолданылған. Алайда, «негізінде заттар мубах болып табылады» қағидасын қабылдаған көзқараспен қарағанда, мұнда да халал ұғымының жаизден кеңірек екені айтылуы мүмкін. Хадис шәріптерін түсіндірушілер, «шүбәсіз халал белгілі, харам да белгілі; бірақ олардың арасында кейбір шүбәлі нәрселер бар, оларды адамдардың көбісі білмейді» (Бұхари, «Иман», 39; «Бую», 2;

Муслим, «Мусакаат», 107-108; Әбу Дәуіт, «Бую», 3) мағынасындағы хадисті талдау барысында халал мен харамды бір-біріне қарсы мәнде, яғни дін тыйым салған және еркін қалдырған нәрселер ретінде сипаттаумен шектелген және осы терминдердің усул-ул-фиқһтағы орны мен ұғымдық шеңберінен гөрі, әсіресе халал немесе харамдығы туралы күмән туындаған мәселелерді (мүштәбихат) айқындау және бір шеңберге енгізу үшін кейбір принциптер қоюға тырысқан (Айни, I, 343-345; Шәукани, V, 236-237). Олардың бірі Тахауи, хадисте өткен «мүштәбихат-ты» Құрандағы мутәшабиһат ұғымына ұқсатып, Пайғамбарымыздың сөздерінде де мухкам сөздер сияқты мутәшабиһтардың бар екенін айтқан. Осыған сәйкес ашық халал мухкам халал, мүштәбихат болса ашық (мухкам) халал немесе ашық харамға кіруі мүмкін нәрселер (Мүшкилүл-әсәр, I, 325). Нәуәуи ашық халалды «халал болуы жасырын емес» (нан мен жеміс жеу, сөйлеу сияқты), ал мүштәбихатты «халал және харамдығы ашық емес және осы себепті адамдардың көбісі нақты үкімін білмейтін» нәрселер ретінде сипаттайды (Шәрһу Муслим, XI, 27). Ибн Хәжар әл-Асқалани болса ашық халалдың, өзі немесе түрінің халалдығы туралы насс бар немесе мұсылмандардың ижмағы болған нәрсе екенін; ашық харамның, өзі немесе түрінің харамдығы туралы немесе оған қатысты хадд, тәзир немесе уайд болғанына қатысты насс бар немесе ижмағы болған нәрсе екенін; шүбәлілердің болса ашық емес, халал немесе харамдығы туралы дәлелдердің қайшылығында, мағына мен себептердің орын ауыстырғанында және кейбірінің харам, кейбірінің халал дәлелін қолдайтын нәрселер екенін айтқан (Таханәуи, Кәшшәф, I, 347). Оның ашық халалдың анықтамасына қатысты сөздерінен, шариғи дәлел жоқ мәселелерде мубах немесе тахримнің қай принципінің негізге алынатыны талқысында Шафиилерден гөрі Ханафилердің көзқарастарына жақын

екені айтылуы мүмкін (шүбәлі нәрселердің табиғаты туралы түсініктемелер үшін қараңыз: Шәукани, V, 236).

Бір нәрсенің халал немесе харам деп саналуы жөніндегі күмәннің қайнары оның дәлелі туралы келіспеушілікте жатыр. Осыған сәйкес, аталған мәселенің шариғи дәлелдерінде немесе осы дәлелдердің белгілері мен сипаттары арасында қайшылық (таәруз) болуы мүмкін. Бұл күмәнді мәселелердің үкімі кез келген насс, қияс немесе истиһаб сияқты бір дәлел немесе әдіспен анықталып, халал немесе харамның бірінің шеңберіне енгізіледі. Бұл мүмкін болмаса, аталған күмәнді мәселенің үкімі туралы, заттарда негізі мубах немесе тахрим екендігіне қатысты негізгі құқықтық қағидаларға сүйене отырып, оның мубах (халал) немесе харам екендігіне немесе осы жағынан біреуін таңдауға мүмкіндік беретін шариғи дәлел табылғанға дейін күту керектігіне үкім беріледі (Нәуәуи, Шәрһу Муслим, XI, 27-28; Айни, I, 343-345; Шәукани, V, 236). Мұнда, «заттарда негізі мубах» деген жалпы ереже бойынша үкім шығару әрі қылмыстың (тыйымдар, харамдар) заңдылығы принципiне көбірек сәйкес келеді, әрі құқықтық өмірге кеңдік беретін көзқарас болатыны анық. Өртүрлі табиғатқа ие адамдар мен олардың құрған қоғамдарының заңды өмір шеңберінде өмір сүруі үшін Алла өртүрлі кезеңдерде пайғамбарлар арқылы халал (заңды) және харам (заңсыз) туралы кейбір ашық үкімдер қойған, және олардың сипаттары мен көлемдері Исламмен соңғы түрін тапқан.

Халал және харам деп сипатталған және кейде «һудудулла» деп аталған осы шектердің өзгертіліп, харамдардың халал немесе халалдардың харам деп қабылдануы, иманды жоятын әрекет ретінде қарастырылған (Мәтуриди, Китабут-Тәухид, б. 332, 334). Бір нәрсе туралы халал үкімінің берілуі, харамда болғаны сияқты ли-айнихи (өзінен өзі) немесе ли-ғайрихи бір себеппен болады. Халал ли-айнихи (өздігінен халал) –

мүкәлләфтің ісі қатысты болған нәрсенің тікелей мәнінен туындайды, мысалы, бидайдың халал болуы сияқты. Халал ли-ғайрихи (жанама халал) болса, аталған нәрсенің өзінен басқа қандай да бір дұрыс себеппен (сауда-саттық, жалға беру т.б.) заңды етілген халалдар. Халал ли-айнихида халалдықтың қайнары, заңдылыққа тақырып болған нәрсенің өзі; ли-ғайрихи халалда халалдық қасиеті нәрседе кейіннен бекітілген. Бір нәрсе әрі мәні, әрі алыну жолдары тұрғысынан халал болса, бұл «ашық халал» деп аталады. Мысалы, бидай, арпа немесе құрманы, дұрыстығы туралы бір ауыздан келісілген дұрыс сауда келісімімен сатып алу сияқты. Бұл жағдайда бір нәрсенің халал немесе харам екеніне үкім бермес бұрын оның мәніне, сипаттарына және алыну жолдарына қарау керек. Егер бұл дәлелдер оның халалдығын көрсетсе, халалдығына; харамдығына апарса, харамдығына үкім беріледі. Дәлелдердің халалдыққа немесе харамдыққа дәлелдігі айқын болмаса, күмән сөз болады (Иззеддин б. Абдуссалам, II, 92).

Халал бір іс немесе заттың заты немесе сипаттарына қандай да бір ақау келген кезде, халалдық қасиеті өзгеруі мүмкін. Осы себепті халалдар өз арасында дәрежеленеді. Халалдардың ең жоғары дәрежесі Ғаззалидің «абсолютті халал» деп атағаны, өзінде тыйымды қажет ететін барлық харам сипаттардан және тыйым немесе мәкруһқа апаратын барлық себептерден алыс болған халалдар, ал ең төменгі дәрежесі тек харамға (харам ли-айнихи) жақын болғандар (Ихия, II, 98; Мv.F, XVIII, 77). Харам ұғымы фикһ усулінде тәклиф үкімінің ішінде жеке бір тақырып ретінде қарастырылғанымен, халал өз шеңберіне кіретін парыз, мұстахаб және мубах тақырыптары аясында талқыланған. Осы себепті бір іс немесе заттың халалдығы, оның қамтылуы туралы келіспеушіліктер сақталған жағдайда, халалдың ішіне кіретін парыз, мұстахаб немесе мубахтың бекітілген

әдістері мен формалары арқылы анықталады. Халалдың ең сыртқы шеңберін мубах құрайтынын ескергенде, бір істің халал, жаиз және еркін екені үш жолмен белгілі болады.

а) Бір нәрсенің діни тұрғыдан халал екенін түсінудің бірінші жолы – Құран мен Сүннетте сол нәрсенің халал етілгенінің ашық түрде хабарлануы. Мысалы, Құранда сауда және коммерцияның халал етілгені (әл-Бақара сүресі 2/275), рамазан түндерінде ерлі-зайыптылардың қатынасы халал болғаны (әл-Бақара 2/187), Кітап иелерінің сойғаны мен тамағының халал болғаны (әл-Мәида сүресі 5/5), теңіз ауының халал етілгені (әл-Мәида сүресі 5/96) халал сөзі немесе оның туындылары қолданылып хабарланады (басқа мысалдар үшін қараңыз: әл-Бақара сүресі 2/168; Әли Имран сүресі 3/50, 51; әл-Мәида сүресі 5/1, 4, 88; әл-Ағраф сүресі 7/157; әл-Әнфал сүресі 8/69; ән-Нахыл сүресі 16/114; әл-Ахзаб сүресі 33/50).

ә) Құран мен Сүннетте көп ретте белгілі бір қате түсінік пен алаңдаушылықты жою үшін бір нәрсенің халал екені, оны жасауда күнә мен зиян жоқ екені хабарлануы мүмкін. Бұл да бір мәселенің діни тұрғыдан халал екенін білудің екінші жолы. Мысалы, біраятта (әл-Бақара сүресі 2/173) харам етілген тағамдар аталғаннан кейін, мәжбүрлік жағдайда олардың қажеттілікті кетіретін мөлшерде жеуінде күнә жоқ екені хабарланған (ұқсас мысалдар үшін қараңыз: әл-Бақара сүресі 2/158, 198, 203, 235, 236, 282; ән-Ниса сүресі 4/23, 24, 102; әл-Мәида сүресі 5/93; ән-Нұр сүресі 24/29, 58, 61, 62; әл-Ахзаб сүресі 33/5, 55; әл-Фәтх сүресі 48/17; әл-Мүмтәхина сүресі 60/10). Кез келген діни тыйымнан кейін келетін әмірлердің де бір әрекетті істеуді талап ету емес, харамдықтың жойылғанын және үкімнің бұрынғы қалпына келгенін хабарлау мақсатын көздейтіні айтылуы мүмкін. Мысалы, Құрандағы «ихрамнан шыққан соң ауландар» (әл-Мәида сүресі 5/2) сөзі «аулауға болады» деп түсінілген; яғни ихрамдағылар үшін қойылған аулау тыйымының (әл-

Мәида сүресі 5/95-96) жойылғанын білдіруде. Жұма намазынан кейін жер бетіне таралу және Алланың нығметінен іздеу (сауда жасау) әмірі де осындай мағына береді. Құранда әртүрлі жағдайларда айтылған «үйленіңдер, жендер, ішіндер, жүріп-тұрындар» сияқты әмірлер негізінде бұл істердің халал екенін білдіруден гөрі, негізінде халал болған осы істер жасалғанда назар аударылатын мәселелерді, даналық пен мақсаттарды түсіндіруге бағытталған.

б) Бір нәрсенің діни тұрғыдан халал болуы, ол туралы қандай да бір тыйымның немесе керісінше дәлелдің болмауымен де түсініледі. Бұл қорытындыға «истисхабул-асл» әдісімен, заттардың негізінен мубах екендігі қағидасынан шыға отырып қол жеткізіледі. Құранда аспандар мен жердегі барлық нәрсе адамның игілігі үшін жаратылғаны, адамның еркіне және пайдалануына берілгені жиі атап өтіледі. Таза және әдемі нәрселердің халал етіліп, тек жаман және ұсқынсыз нәрселердің харам етілгені де осы мағынада. Құран мен Сүннетте тек жасалуы қаламайтын немесе дұрыс деп табылмайтын мәселелер жеке-жеке немесе қағида ретінде ашық көрсетілген, осылайша қалғандарының халал және мубах екені өздігінен анықталған. Сондықтан Исламның жеке және қоғамдық өмірге қатысты тыйым салған немесе шектеген мәселелерінен тыс қалған өте кең сала халал, мубах және жаиз аясында орын алады. Негізінде, Пайғамбарымыз бір хадисінде былай деген: «расында Алла сіздерге кейбір нәрселерді парыз етті, оларды жоғалтпаңыздар. Кейбір шектер қойды, олардан аспаңыздар. Кейбір нәрселерді харам етті, оларға қол созбаңыздар. Кейбір нәрселерде де ұмытқандықтан емес, сіздерге рахым болсын деп үндемеді, оларды сұрастырмаңыздар» (Нәуәуи, әл-Арба‘ун, б. 48; басқа нұсқалар үшін қараңыз: Даракутни, IV, 298). Құран Кәрімде, Пайғамбарымыздың кейбір тағамдарды отбасылық себептермен өзіне тыйым салуының үстіне, «ей, Пайғамбар!

Жұбайларыңның разылығын көздеп, Алланың саған халал еткен нәрсесін неге өзіңе харам етесің? Алла өте кешірімді, өте мейірімді» (әт-Тахрим сүресі 66/1) делініп, оның антын бұзуы талап етілген (қараңыз: әт-Тахрим сүресі 66/2).

Халалдың үкімі, тәклиф үкімінің бөлімдеріне қатысты келіспеушіліктерге байланысты парыз, уәжіп, мұстахаб және мубах ұғымдарының қайсысына жататынына байланысты. Мысалы, халалға қатысты нәрсе уәжіптің саласына кірсе, оны міндетті түрде орындау керек болып, оны орындаған сауап алады, себепсіз тастап кеткен адам ауыр жазаға лайық болады; егер мубах ұғымына кірсе, оны істеу немесе істемеуде сауап немесе күнә болмайды, екі таңдауы да тең. Алайда осы еркін салада әрекет еткенде Алланың рұқсатымен әрекет етіп жатқанын білсе, осы ниеті үшін сауап алады; өйткені шарифат иесі қаласа, бұл сала туралы да жақта немесе қарсылығында (уәжіп немесе харам түрінде) ашық үкім бере алатын еді, бұл да адамға кейбір міндеттер мен жауапкершіліктер жүктей алар еді. Уәжіпке тоқтала кетсек, Уәжіп – орындалуы дәл парыз секілді талап етілмеген, бірақ қуатты дәлелдермен анықталған іс-әрекет пен уазипалар [11]. Сөздікте «түскен; орын алғаны анық белгілі; тұрақты, міндетті, қажет» мағыналарындағы уәжіп (Лисанул-‘Араб, «vcb» б.) термин ретінде «шарифат иесінің мұкәлләфтан жасауын нақты және міндетті түрде қалаған ісі» дегенді білдіреді. Фақиһтердің көпшілігі бұл терминді парыз ұғымымен бір мағынада қолданса, Ханафилер бір істің жасалуы нақты және міндетті түрде қалағанын көрсететін дәлел қатый болса, оны парыз, зәнни болса, уәжіп деп атайды.

Уәжіптің сөздік мағынасы мен терминдік мағынасы арасындағы байланысты көрсету үшін усул ғалымдары, вужубтың әсіресе «түсу және қажет болу» мағыналарынан шығып, әртүрлі түсіндірмелер жасаған (мысалы, қараңыз: Жассас, III, 236; Дебуси, б. 77; Әбу Я’лә әл-Фәрра, I, 160;

Шәмсуләймә әс-Сарахси, I, 111). Фикһ усулі терминологиясында үкім «мүкәлләфтің істеріне қатысты құдайлық үндеу немесе сол үндеудің нәтижесі» деп анықталғандықтан, шарифат иесінің бір істің жасалуын нақты және міндетті түрде қалауы иғжаб, осы талаптың нәтижесі вужуб, ижабқа қатысты болып, ужубпен сипатталған іс уәжіп деп аталады. Құран Кәрімде уәжіп сөзі кездеспейді, тек бір аятта «уәжаба» етістігі «түсу» мағынасында қолданылған (әл-Хаж сүресі 22/36). Хадистерде болса ужуб және оның туындылары әртүрлі сөздік мағыналарымен (Венсинк, әл-Муғжам, «vcb» б.), уәжіп сөзі де діни тұрғыдан жасалуы міндетті түрде қалаған істерді білдіру үшін (мысалы, қараңыз: Әбу Дәуіт, «Жиһад», 33; «Салат», 208-209) қолданылған. Хадистерде, сахабалардың сөздерінде және алғашқы дәуір ғалымдарының түсіндірмелерінде парыз және уәжіп үкімдерінің мәктуб, махтум, лазым және сол түбірден шыққан сөздермен қатар әртүрлі сөздер мен тіркестермен білдірілгені, Ханафилер жазғандар да кіретін усул еңбектерінде ужуб және оның туындылары – парыз-уәжіп айырмашылығына арнайы екіпін қажет етпейтін жағдайларда – шарифи тұрғыдан әмір етілген, жасалуы нақты және міндетті түрде қалаған істерді білдіру үшін қолданылғаны көрінеді [12].

Ислам құқықтануында халал мәселесінде кейбірі негізгі, кейбірі қосымша немесе көмекші сипаттағы көптеген орныққан қағидалар бар. «Халал мен харамды белгілейтін тек – Алла» (бұл туралы кейбір аяттар үшін қараңыз: әл-Әнғам сүресі 6/140; әл-Ағраф сүресі 7/32; әт-Тәубә сүресі 9/29, 31, 37; ән-Нахыл сүресі 16/116); «Бір мәселе бойынша халал мен харам қатар келсе, харам жағы басым болады (харам үкіміне бағынады)» (бұл қағида және қолдану мысалдары үшін қараңыз: Суюти, б. 209-213; Ибн Нұжайм, б. 121-131); «Тыйым салуына қатысты дәлел табылмайынша, заттарда негізі мубах» (Суюти, б. 133; Ибн Нұжайм, б. 73); «Зарураттар тыйым салынған нәрселерді

мубах етеді» (бұл принцип үшін қараңыз: әл-Бақара сүресі 2/173; әл-Мәида сүресі 5/3; әл-Әнғам сүресі 6/145; ән-Нахыл сүресі 16/115; Ибн Нужайм, б. 94; Мәжәллә, мд. 21) қағидалары бұл мәселедегі негізгі принциптер ретінде қабылданады. Зарурат салдарынан халал етілген мәселелер болса, «Зарураттар өз мөлшерлерінше бағаланады» (Мәжәллә, мд. 22); «Кедергі жойылғанда тыйым қайта оралады» (сол жерде, мд. 24); «Жалпы зиянды жою үшін жеке зиян таңдалады» (сол жерде, мд. 26); «Ауыр зиян жеңіл зиянмен жойылады» (сол жерде, мд. 27); «Қажеттілік жалпы болсын, жеке болсын, зарурат дәрежесіне түсіріледі» (сол жерде, мд. 32); «Мәжбүрлік басқаның құқығын жоймайды» (сол жерде, мд. 33) қағидаларымен шектелген (бұл қағидалар және қолдану мысалдары үшін қараңыз: Суюти, б. 179-181; Ибн Нужайм, б. 94-100).

Сонымен қатар, Ислам құқықтануында құралдардың да мақсаттар сияқты заңды болуы негіз болып табылады. Осы себепті халал және таза табыс ынталандырылып, харам, заңсыз және лас (хабис) жолдармен алынған табыстар тыйым салынған (Бұхари, «Зекет», 29; «Ижара», 20; «Бую», 7-8, 15, 39, 113; «Талақ», 51; Муслим, «Зекет», 44, 63-65; Тирмизи, «Зекет», 28). Сондай-ақ, «Амалдар тек ниеттерге байланысты» (Бұхари, «Иман», 41; «Хийәл», 1; Муслим, «Имара», 155; Әбу Дәуіт, «Талақ», 11); «Кү-мәнмен нақтылық жойылмайды» (Суюти, б. 118; Ибн Нужайм, б. 60, 81; Мәжәллә, мд. 4); «Алынуы тыйым салынған нәрсенің берілуі де тыйым салынады» (Мәжәллә, мд. 34; Ибн Нужайм, б. 183); «Жасалуы тыйым салынған нәрсенің сұралуы да тыйым салынады» (бұл қағидалар үшін қараңыз: Суюти, б. 280-281; Ибн Нужайм, б. 183) сияқты қағидалар да халал мәселесінде көмекші принциптер ретінде қарастырылады. Харамға түсініктеме бере кетсек, сөздікте етістік ретінде «бір нәрсе біреуге тыйым болу», зат есім ретінде «тыйым салынған, халал емес нәрсе» мағынасын білдіретін «харам» сөзі, әртүрлі

туындыларымен бірге араб тілінде кең қолданысқа ие. Олардың ішінде *хурмет* – «кедергі болу, тыйым болу, мүмкін болмау; құрмет көрсету»; *хурман* – «адамды бір іс, әрекет немесе құқықтан айыру»; *ихрам* – «бір нәрсені тыйым салу, харам деп санау; қасиетті мекенге немесе харам айларға кіру; қажылық немесе умраға ниет етіп тігіссіз киім кию»; *тахрим* – «харам ету, тыйым салу» мағыналарын білдіреді. *Фикһ* әдебиетінде *тахрим* сөзіне балама ретінде *хазр*, харам сөзіне балама ретінде *махзур* терминдері де қолданылады. Сонымен қатар, *Мекке* мен *Мединеге* Харам деп аталуы, харам айлар және харим терминдеріне дейін әдет-ғұрыпта және діни әдебиетте харам түбірінен туындаған көптеген сөздер мен терминдердің бар екені және олардың дерлік барлығы сөздің түбіндегі «тыйым салу, кедергі болу, айыру» мағынасы шеңберінде мазмұнға ие болғаны көрінеді. Харам сөзі және оның әртүрлі туындылары сөздік мағыналарында Құранда сексен үш жерде кездеседі (қараңыз: М.Ф. Абдулбаки, әл-Муғжам, «*һтм*» б.). Олардың көпшілігінде, кейінірек пайда болатын терминдік мағына үшін негіз болатын түрде Алланың тыйым салған іс-әрекеттері, діни тыйымдар туралы, кейбір аяттарда адамдардың кейбір іс-әрекеттерді өздеріне тыйым санауы туралы сөз етіледі. Сондай-ақ, Құран Кәрімнің алпыс алтыншы сүресіне Тахрим атауы берілуі де екінші мағынамен байланысты. Харам сөзі әртүрлі туындыларымен бірге көптеген хадистерде де кездеседі (қараңыз: Вензинк, әл-Муғжам, «*һтм*» б.) [13].

Ойымызды жинақтай келе, Ислам дініндегі халал ұғымы – мұсылмандардың күнделікті өмірінде ұстанатын басты қағидалардың бірі ретінде ерекше маңызға ие. Бұл ұғым діни және құқықтық тұрғыдан шарифаттың рұқсат еткен іс-әрекеттері мен тұтынуға болатын заттарды білдіреді. Халал ұғымын зерттеген *фикһ* ғалымдары бұл категорияны кең мағынада түсіндіріп, оның басқа діни-құқықтық ұғымдармен

байланысын анықтап берген. Ғалымдар халалдың тек жеке құқықтық нормалар шеңберінде ғана емес, сонымен бірге мұсылман қоғамының моральдық және әлеуметтік тәртіптерін қалыптастырудағы рөлін де айқындап отыр. Мәтінде келтірілгендей, Фихһ ілімінде халал ұғымын талдаған ғалымдардың еңбектері бұл ұғымның тек рұқсат етілген нәрселермен шектелмейтінін, сонымен қатар адамға жасалуы міндетті, ұсынылған және кейде жасалуы рұқсат етілмеген істердің де (мубах, мәкруһ, харам) ара жігін ашуға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Имам Шафиғи, Имам Ағзам Әбу Ханифа, Ғазали, Ибн Хазм және басқа да классикалық кезең ғұламалары шарияттағы халал мен харамның негіздерін, олардың арасындағы айырмашылықтарды және мұсылманның күнделікті өмірінде қалай қолданылу керектігін жан-жақты түсіндіріп берді. Әсіресе, ханафи мазһабының өкілдері уәжіп, парыз, және мубах категорияларын ажыратуда нақты анықтамалар ұсынып, халал ұғымының фикһтағы орны мен аясын кеңінен талқылады. Мысалы, Имам Ағзам Әбу Ханифа халалды екіге бөліп, ли-айнихи халал (өзімен халал) және ли-ғайрихи халал (басқа бір себеппен халал) ұғымдарын енгізді. Бұл түсініктеме арқылы мұсылмандардың белгілі бір іс-әрекеттерді орындаудағы ниеті мен тәсілінің де халал немесе харам болуына ықпал ететінін көрсетті.

Ғазали және оның ізбасарлары болса, халалды тек діни термин ретінде ғана емес, этикалық категория ретінде де зерттеп, мұсылманның дүниетанымы мен өмір салтын рухани кемелдікке жеткізудің бір жолы ретінде сипаттады. Ғазали үшін халал тек рұқсат етілген нәрсе емес, сонымен қатар адамның жүріс-тұрысы мен ниеті, қоғамға тигізетін пайдасы және исламның жалпы құндылықтарымен үйлесімділігі тұрғысынан бағаланатын категория. Қорытындылай келе, халал ұғымы – Исламның құқықтық және моральдық жүйесінің маңызды

бөлігі. Оны дұрыс түсіну және қолдану мұсылманның тек жеке өміріндегі емес, сонымен бірге қоғамдық өмірдегі адалдық пен әділеттілікті сақтауға көмектеседі. Фикһ ғалымдарының бұл ұғымды жан-жақты талдауы мұсылман үмбетінің күнделікті өмірін реттеуге бағытталған ислам құқықтық жүйесінің кешенді құрылымын қалыптастырды. Осылайша, халал ұғымы Исламның әділеттілік, адалдық, тәртіп және жауапкершілік принциптеріне негізделген қоғам құрудағы рөлі мен маңызын айқындады.

2.2 Экология контекстіндегі «халал» ұғымы

Қазіргі заманғы әлемде экологиялық мәселелердің өзектілігі күн санап артып келеді. Климаттың өзгеруі, ресурстардың таусылуы және қоршаған ортаның ластануы сияқты проблемалар адамзаттың болашағына қауіп төндіруде. Бұл жағдайда табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану қажеттілігі айқын көрінеді. Ислам дініндегі халал ұғымы тек шарифатқа сай тағамдар мен өнімдерді тұтынумен ғана шектелмей, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, табиғатты сақтау және ресурстарды тиімді пайдалану сияқты кең ауқымды мәселелерді де қамтиды.

Экология контекстінде халал ұғымы дәстүрлі діни ұстанымдар мен қазіргі заманғы экологиялық мәселелерді біріктіруді көздейді. Халал (араб тілінен аударғанда «рұқсат етілген», «шарифатқа сай») негізінен мұсылмандық өмір салтында тамақ, тұтыну өнімдері және қызмет түрлері үшін қолданылады. Дегенмен, соңғы жылдары бұл ұғым экологиялық тұрақтылық және қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан кеңейіп келеді. Экологиядағы халал ұғымының ас-пектілерінің қатарында табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану қажеттігіне тоқталайық. Ислам діні – тек қана діни

құлшылықтар мен ережелер жинағы емес, сонымен бірге адам мен қоршаған ортаның арасындағы қарым-қатынасты реттейтін кешенді жүйе. Исламдағы табиғатқа деген көзқарас адамның табиғатқа деген жауапкершілігін, оның қорғаушысы ретіндегі рөлін және Алланың жаратқан барлық нәрселеріне құрметпен қарауын насихаттайды. Бұл бөлімде исламда табиғатқа деген көзқарастың негіздерін қарастырып, Құран мен хадистердегі табиғатты қорғау және сақтау қағидаларын талқылаймыз.

Ислам дінінде табиғат – Алланың ұлы жаратылысы болып саналады. Құран мен хадистерде аспан мен жер, таулар мен өзендер, жануарлар мен өсімдіктер – барлығы да Алланың даналығы мен құдіретінің көрінісі ретінде сипатталады. Мұсылманның табиғатқа құрметпен қарауы – оның Аллаға деген құрметінің көрінісі. Алла Тағала Құранда былай дейді: «Ол – көктер мен жерді хикметпен жаратқан, сендерге тіршілік сыйлаған, сонда сендерге Оның игілігінен нәр алуларың үшін барлық нәрселерді бағындырған» (Құран, 45:13). Бұл аятта Алла Тағала табиғаттың адамзат игілігіне жаратылғанын, бірақ оны мақсатсыз пайдалану және бүлдіру дұрыс емес екенін көрсетеді. Барлық жаратылыстардың өз мәні мен мақсаты бар, және оларды сақтау – мұсылмандардың міндеті. Исламдағы табиғатқа деген көзқарастағы ең маңызды ұғымдардың бірі – аманат (сеніп тапсырылған міндет). Табиғаттың байлықтары адамға сеніп тапсырылған, яғни оны ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп сақтау қажет. Бұл міндет тек материалдық байлықтарды ғана емес, сонымен бірге экожүйенің тепе-теңдігін, қоршаған ортаның тазалығын да қамтиды. Құранда адамзаттың табиғатқа деген жауапкершілігі туралы былай делінеді: «Көктер мен жердің жаратылуында, түн мен күндіздің ауысуында, теңізде жүзіп жүрген кемелерде, және көктен жаңбыр жаудырып, жерді өлі күйден тірілкенінде, сондай-ақ әртүрлі жануарлар мен өсімдіктерді өсіргенінде ақыл иелері үшін белгілер бар» (Құран,

2:164). Бұл аятта табиғаттың адамзат үшін жаратылғанын және оның әрбір бөлшегі Алланың жаратушы ретіндегі құдіретін білдіретін белгі екенін түсіндіреді. Адам табиғаттың иесі емес, тек оның уақытша қамқоршысы және сақтаушысы болып табылады. Сондықтан табиғаттың тепе-теңдігін бұзу және ресурстарды ысырап ету – аманатқа қиянат жасаумен тең. Ислам дінінде барлық жаратылыстар тепе-теңдікте және үйлесімділікте жаратылған.

Құран Кәрімде табиғаттағы барлық элементтердің тепе-теңдікте болуы туралы былай делінеді: «Көктер мен жерді, сондай-ақ олардың арасындағы нәрселерді әділдікпен жараттық. Ештеңе өлшемсіз жаратылған емес» (Құран, 15:85). Бұл аятта Алланың бүкіл жаратылысты белгілі бір өлшемде, шектеусіз тепе-теңдікте жаратқаны көрсетіледі. Адамзат осы тепе-теңдікті сақтауға міндетті. Бұл табиғатты бүлдірмеу, өсімдіктер мен жануарларға қамқор болу және қоршаған ортаны ластамау дегенді білдіреді. Хазірет Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) табиғатқа үлкен құрметпен қараған. Оның табиғатпен қарым-қатынасы адамгершілік пен рақымшылыққа негізделген болатын. Хазірет пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистерінде табиғатты қорғауға, оны күтіммен пайдалануға шақыратын көптеген өнегелер бар. Мысалы, бір өсиетінде былай деген: «Ағын суда дәрет сындырмаңдар» (Ибн Мәжжах, Тахарат, 20). Бұл хадис арқылы хазірет пайғамбар (с.ғ.с.) су көздерін ластамауға шақырады. Осы секілді хадистер мұсылман қауымының қоршаған ортаға зиян келтірмеуін, оның тазалығын сақтауды міндет етеді.

Хазірет пайғамбардың (с.ғ.с.) табиғатты қорғауға шақырған тағы бір хадисі: «Егер Қиямет келіп қалса да, қолыңда бір көшет болса, оны отырғызып үлгерсең, отырғыз» (Бұхари, Әдеп, 27). Бұл хадис табиғатқа пайда әкелетін әрекеттерді жасауға және қандай жағдай болмасын, өсімдіктерді өсіру, табиғатты

сақтау сияқты амалдарды орындау керектігін насихаттайды. Ислам дінінде жануарларға ерекше құрмет көрсетіледі. Оларға қатыгездік көрсету, себепсіз өлтіру немесе олардың тіршілік ортасын бүлдіру – шарифатқа қарсы әрекет болып табылады. Хазірет пайғамбар (с.ғ.с.) жануарларға әділ болуды, оларды артық қинамауды және қоршаған ортадағы әрбір тіршілік иесіне құрметпен қарауды талап еткен. Бір өсиетінде былай деген: «Кімде-кім қандай да бір тіршілік иесін зұлымдықпен өлтірсе, ол Қиямет күні соған жауап береді» (Муслим, Сайд, 57). Бұл хадис жануарларға тек материалдық көзқараспен ғана емес, оларды жаратылыстың маңызды бөлігі ретінде қарауға үйретеді. Табиғатты қорғау жануарларға да қамқорлық жасауды білдіреді.

Исламдағы табиғатқа деген көзқарас адам мен қоршаған ортаның арасындағы қарым-қатынасты ерекше жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Табиғаттың әрбір бөлшегі – Алланың жаратылысы және адамның аманаты болғандықтан, оны бүлдірмеу, қорғау және келешек ұрпаққа таза күйінде жеткізу – әрбір мұсылманның парызы. Бұл қағидалар қазіргі заманғы экологиялық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады және табиғатқа деген көзқарасты жаңаша бағалауға мүмкіндік береді. Халал өнімдерді өндіру кезінде табиғат ресурстарына ұқыпты қарау, суды, топырақты және ауаны ластамау, ресурстарды ысырап етпеу негізгі қағидаттар болып табылады. Мысалы, халал өндірісте қалдықтарды дұрыс өңдеу, қайта өңделетін материалдарды пайдалану ұсынылады. Жануарларға адамгершілікпен қарау мәселесіне кеңірек тоқталсақ, Ислам дінінде жануарларға адамгершілікпен қарау – діни және моральдық қағидаттардың маңызды бөлігінің бірі. Бұл ұстанымдар Құран аяттары мен хазірет Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадистерінде нақты көрініс табады.

Жануарлар – Алланың жаратқан тіршілік иелері, сондықтан оларғатек материалдық ресурстар ретінде қарауды дұрыс емес. Олардың

өмір сүру құқықтары бар және адам оларды қорғауға, қамқорлық көрсетуге міндетті. Ислам діні жануарларға зұлымдық жасауды айыптап қана қоймай, оларға әділдікпен, мейірімділікпен және құрметпен қарауды талап етеді. Бұл бөлімде исламдағы жануарларға деген көзқарастың негіздері, олардың құқықтары мен адамзаттың оларға деген міндеттері қарастырылады. Ислам дінінде жануарлар Алланың ұлы жаратылысының бір бөлігі ретінде қарастырылады. Құранда жануарлар мен құстарды Алланың белгісі, Оның құдіретінің көрінісі ретінде атап өтеді: «Жер бетінде жүрген әрбір жануар және қанатымен ұшқан әрбір құс – сендер сияқты үмметтер. Біз бұл кітапта еш нәрсені қалдырған жоқпыз. Олар кейін Раббыларына қайтып барады» (Құран, 6:38). Бұл аятта жануарлар адамзат секілді «үммет» деп аталады, яғни олар да Алла Тағала тарапынан белгілі бір мақсатпен жаратылған қауым, эко жүйені құрайтын бір класс. Олардың тіршілігіндегі әрбір әрекет – Алланың даналығының бір көрінісі. Мұсылмандар жануарларға осы тұрғыдан қарап, оларға құрметпен және жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Хазірет пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) жануарларға мейірімділік танытуға ерекше мән берген. Ол оларға әділ болуды, қиналмауын қадағалауды және оларды ұрмауды бұйырған. Оның хадистерінде жануарларға адамгершілікпен қарау қажеттілігі туралы көптеп айтылған. Хазірет пайғамбар (с.ғ.с.) былай деген: «Бірде бір әйелді азап күтіп тұрғаны туралы естідім, себебі ол бір мысықты тамақ бермей, қамап қойған, әрі оны өздігінен тамақ іздеп таба алмай-тындай етіп ұстап, аштан өлтірген» (Бұхари, Әдеп, 27). Бұл хадис жануарларды күтіп-баптамай, оларға қажетті күтімді көрсетпей, аштан немесе шөлден өлтіру үлкен күнә екенін көрсетеді. Исламда жануарлардың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ету – адамзаттың міндеті. Ислам жануарларға әділдік танытып, оларды қинамауды талап етеді. Олардың құқықтарын сақтауда нақты шектеулер мен ережелер

бар. Мысалы, жануарларды дұрыс тамақтандыру, ауыр жұмысқа жекпеу және оларға күшпен зиян келтірмеу – шариғат талаптары. Хазірет Мұхаммед (с.ғ.с.) бір күні жануардың қатты қиналып тұрғанын көріп, былай деген: «Бұл жануарлардың тілсіз екенін көрмейсіңдер ме? Олар не айтқысы келетінін айта алмайды, бірақ сендер олардың ахуалын түсіну керексіңдер» (Әбу Дәуд, Жиһад, 44). Бұл хадис жануарлар адамның қамқорлығына тәуелді екенін және олардың мұқтаждығын ескермеу үлкен күнә болатынын көрсетеді. Жануарлар сөйлей алмаса да, адамдар олардың қажеттіліктерін түсініп, әділдік танытуға міндетті. Ислам шариғатында жануарларды союдағы ережелер қатаң түрде реттелген. Халал талаптары жануарды артық қинамай союды, оған мүмкіндігінше аз ауыртпалық түсіруді міндеттейді. Бұл талаптар жануардың тыныштығын сақтауды, оның қиналмауын және артық зардап шекпеуін қамтамасыз етуге бағытталған. Хазірет пайғамбар (с.ғ.с.) былай деген: «Егер жануарды сою қажет болса, оны мейірімділікпен және лайықты түрде орындандар. Пышақтың өткір болғанына көз жеткізіп, жануарға азап шектірмеңдер» (Муслим, Әдхия, 57). Бұл хадис халал ұғымының мән-мағынасын ашады: жануарды сою кезінде оның азап шегуін азайту, жануарға мүмкіндігінше мейірімділікпен қарау – шариғат талабы.

Ислам дінінде жануарлардың құқықтары мен адам міндеттері нақты айқындалған. Олардың ішінде: Тамақтандыру және шөлден сақтандыру бар. Егер адам жануарға ие болса, оны азық-түлікпен және сумен қамтамасыз етуі керек. Артық жұмысқа жекпеу: жануарларды өз шамасынан артық жұмысқа салу, оларды қинау дұрыс емес. Жануарлардың табиғи мекендеу ортасын сақтау, оларға қажетті жағдайларды қамтамасыз ету міндеті де исламның негізгі талаптарының бірі. Жануарлар ауруға шалдықса, оларды емдеу – иесінің міндеті. Ислам жануарларға қатыгездік танытуды қатаң түрде

айыптайды. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) бұл жөнінде былай деген: «Жануарларды себепсіз өлтірген адам Қиямет күні сол жануардың алдында жауап береді» (Муслим, Сайд, 57). Бұл хадисте жануарларды заңсыз немесе себепсіз өлтіру үлкен күнә болып есептелетінін көрсетеді.

Мұсылман адамның жануарларға зұлымдық көрсетпеуі және оларға әділдікпен қарауы оның рухани міндеті саналады. Ислам дінінде жануарларға адамгершілікпен қарау – рухани және моральдық құндылықтардың маңызды бөлігі. Жануарлар – Алланың жаратқан тіршілік иелері және оларға әділдікпен, мейірімділікпен және қамқорлықпен қарау мұсылманның басты міндеттерінің бірі болып табылады. Жануарларға құрметпен қарау және оларды қорғау – тек этикалық тұрғыдан емес, сондай-ақ діни міндет ретінде де қарастырылады. Осылайша, жануарларға адамгершілікпен қарау – мұсылман қауымының адамгершілік пен рухани құндылықтарын нығайта отырып, қоршаған ортаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге қосқан үлесі болып табылады. Халал стандарттары жануарларды күту және сою кезіндегі талаптарды қатаң реттейді. Жануарлардың артық қиналмауын қамтамасыз ету, олардың табиғи қажеттіліктерін ескеру – халал өндірістің маңызды бөлігі. Бұл принциптер жануарлар мен экожүйеге деген құрметті арттырады.

Тұрақты ауыл шаруашылығы және органикалық өнімдер мәселесіне келсек, қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы индустриясы жаһандық экономика мен қоғамның маңызды бөлігі болғанымен, оның қоршаған ортаға әсері жиі сынға ұшырап жатады. Көптеген заманауи өндірістік әдістер табиғатқа зиян келтіріп, жердің құнарлылығын төмендетіп, су ресурстарын сарқып, климаттың өзгеруіне ықпал етеді. Осындай мәселелердің салдарынан адамзат тұрақты ауыл шаруашылығы мен органикалық өнімдер өндірісіне бет бұра бастады. Тұрақты ауыл шаруашылығы экологиялық,

экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан тиімді, болашақ ұрпаққа табиғи ресурстардың жеткілікті болуын қамтамасыз етуге бағытталған. Тұрақты ауыл шаруашылығы – табиғи ресурстарды сақтап, экожүйелердің тепе-теңдігін бұзбай, қоршаған ортаның тазалығын қамтамасыз ете отырып, сапалы өнім алу әдістері. Ал, органикалық өнімдер – химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтер қолданылмай, табиғи әдістермен өсірілетін өнімдер. Бұл мәтінде тұрақты ауыл шаруашылығы мен органикалық өнімдердің ерекшеліктері, олардың экологияға, экономикаға және қоғамға әсері қарастырылады. Тұрақты ауыл шаруашылығы – бұл қоршаған ортаға зиян келтірмейтін, табиғи ресурстарды үнемдейтін және жердің құнарлылығын сақтайтын өндіріс әдістерін қолдануды білдіреді. Ол табиғи экожүйенің тепе-теңдігін бұзбай, жердің құнарлылығын арттыруға және биоалуандықты сақтауға негізделген. Тұрақты ауыл шаруашылығының басты мақсаты – адамзаттың азық-түлікке деген қажеттіліктерін қанағаттандыру ғана емес, сонымен бірге болашақ ұрпақтарға табиғи ресурстарды таза күйінде жеткізу. Тұрақты ауыл шаруашылығында келесі негізгі принциптер сақталуы қажет. Экологиялық тепе-теңдік ретінде тұрақты шаруашылықта топырақтың, судың және ауаның сапасы сақталады. Яғни, химиялық заттар қолданылмайды, зиянкестермен күресу үшін биологиялық әдістер қолданылады. Су, жер, энергия сияқты ресурстар тиімді пайдаланылады. Тамшылатып суару, органикалық тыңайтқыштар қолдану секілді әдістер қолданылып, ысырапты азайту көзделеді.

Биологиялық әртүрлілікті сақтау: бір дақылды бірнеше жыл қатарынан егуден аулақ болу, ауыспалы егіс (севооборот) жүйесін қолдану арқылы топырақтың құнарлылығын сақтау. Әлеуметтік жауапкершілік: тұрақты ауыл шаруашылығы әлеуметтік әділдік пен фермерлердің жағдайын жақсартуды

қолдайды, яғни әділ еңбекақы төлеу, фермерлерге білім беру және оларды қолдау шаралары іске асырылады. Органикалық өнімдер – бұл табиғи және экологиялық таза әдістермен өндірілген, құрамында химиялық тыңайтқыштар, пестицидтер және генетикалық модификацияланған организмдер жоқ өнімдер. Органикалық өнімдер өндірісінде табиғи тыңайтқыштар (көң, компост), биологиялық зиянкестермен күресу әдістері, ауыспалы егіс жүйесі және табиғи көкөніс пен жеміс сорттарын қолдану негізге алынады. Органикалық өнімдердің басты ерекшеліктері қатарында химиялық заттардың жоқтығын айтуға болады. Яғни химиялық тыңайтқыштар мен зиянкестерге қарсы улы заттар пайдаланылмайды. Органикалық ауыл шаруашылығында генетикалық модификацияланған тұқымдар мен өсімдіктер қолданылмайды. Экологиялық таза әдістер қатарында топырақтың құнарлылығын сақтау, арамшөптермен табиғи әдістер арқылы күресу және суды үнемдеу шаралары жүзеге асырылады.

Органикалық өнімдердің артықшылықтарына тоқталсақ, органикалық өнімдер тек экологиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар адам денсаулығы мен қоршаған ортаға пайда әкеледі. Органикалық өнімдерде химиялық қалдықтар жоқ болғандықтан, олар адам денсаулығына зиянсыз. Органикалық әдістер жердің құнарлылығын сақтайды және жер эрозиясының алдын алады. Биоалуандықты қорғауда септігін тигізеді. Органикалық шаруашылықтарда табиғи зиянкестермен күресу әдістері қолданылатындықтан, құстар, жәндіктер және басқа да тіршілік иелерінің саны сақталады. Климаттық өзгерістермен күресте жарамды. Органикалық шаруашылықтар топырақтағы көмірқышқыл газын ұстап, климаттың өзгеруін тежей алады. Тұрақты ауыл шаруашылығы және органикалық өнімдер өндірісі қоршаған ортаға бірнеше жағынан оң әсер етеді.

Органикалық әдістер топырақтың құрылымын жақсартады, эрозияның алдын алады және табиғи микроорганизмдердің өсуін қамтамасыз етеді. Химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтер қолданылмағандықтан, жер асты суларының ластануы азаяды. Органикалық шаруашылықтар биологиялық әртүрлілікті қолдап, өсімдіктер мен жануарлардың табиғи түрлерінің сақталуына ықпал етеді. Парниктік газдардың шығарылуын азайтуда көмегі зор. Органикалық ауыл шаруашылығы топырақтағы көміртекті байланыстырып, климаттың өзгеруін тежей алады.

Тұрақты ауыл шаруашылығы мен органикалық өнімдердің өндірісі экономикалық тұрғыдан да тиімділігі жоқ емес. Мәселен, химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолданбау шығындарды төмендетіп, өндіріс тиімділігін арттырады. Органикалық өнімдерге деген сұраныс артқан сайын, олардың бағасы да жоғары болады, бұл фермерлерге қосымша табыс әкеледі. Тұрақты ауыл шаруашылығы фермерлерге тұрақты және ұзақ мерзімді табыс көзін қамтамасыз етіп, олардың экономикалық жағдайын жақсартады. Экспорттық мүмкіндіктер тұрғысынан органикалық өнімдердің әлемдік нарықта жоғары сұранысқа ие болуы фермерлерге халықаралық нарықтарға шығуға мүмкіндік береді. Тұрақты ауыл шаруашылығының әлеуметтік аспектілеріне үңілсек, Тұрақты ауыл шаруашылығы ауылдық қауымдастықтардың тұрақты дамуына ықпал етеді. Әділетті еңбекақы, ауыл тұрғындарын жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, фермерлерге білім беру және олардың құқықтарын қорғау – тұрақты ауыл шаруашылығының әлеуметтік принциптері.

Тұрақты ауыл шаруашылығы мен органикалық өнімдер өндірісі жергілікті қауымдастықтарға экологиялық таза және сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл азық-түлік қауіпсіздігін нығайтады және денсаулыққа пайдалы өнімдерге қолжетімділікті арттырады. Тұрақты ауыл

шаруашылығын енгізудің қиындықтарына келсек, ол бастапқыда үлкен шығындарды талап етуі мүмкін. Фермерлерге органикалық әдістерді қолдану үшін арнайы білім қажет, бұл қосымша уақыт пен қаржылық ресурстарды талап етеді. Көптеген елдерде дәстүрлі ауыл шаруашылығы әдістері басым болып келеді. Органикалық өнімдердің нарықтағы бағасы жоғары болғандықтан, олармен бәсекелесу қиынға соғуы мүмкін.

Фермерлер мен ауыл шаруашылығы қызметкерлері органикалық әдістерді қолдану үшін арнайы оқудан өтуі керек. Бұл да белгілі бір деңгейде қиындық тудыруы мүмкін. Тұрақты ауыл шаруашылығы және органикалық өнімдер – экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешудің тиімді жолы. Табиғи ресурстарды сақтай отырып, өнімділікті арттыруға, топырақтың құнарлылығын сақтауға және климаттың өзгеруін тежеуге ықпал етеді. Органикалық өнімдерге деген сұраныстың артуы фермерлерді тұрақты және экологиялық таза әдістерді қолдануға ынталандырады. Бұл болашақ ұрпақтың өмір сүру сапасын жақсартып, жердің құнарлылығын, судың тазалығын және биоәртүрлілікті сақтауға мүмкіндік береді.

Тұрақты ауыл шаруашылығын дамыту – қоғамның экологиялық санасының өсуіне, табиғатқа деген жауапкершілік сезімінің артуына және болашаққа деген үміттің нығаюына алып келетін маңызды қадам. Халал өндіріске қатысты талаптар органикалық егіншілікті қолдайды, өйткені химиялық тыңайтқыштарды және пестицидтерді шектеу экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Халал өнімдерді экологиялық тұрғыдан таза деп тану және органикалық сертификаттармен үйлестіру – бұл ұғымның экология контекстінде қолдану аясының кеңеюін көрсетеді.

Тұрақты даму және қоршаған ортаны қорғауға тоқталар болсақ, қазіргі заманғы әлемде тұрақты даму мен қоршаған

ортаны қорғау мәселелері өзекті тақырыптардың біріне айналды. Климаттың өзгеруі, табиғи ресурстардың сарқылуы және экожүйелердің бұзылуы сияқты экологиялық мәселелер адамзаттың болашағына қауіп төндіруде. Осыған байланысты, қоғамның әрбір мүшесі қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты сақтауға өз үлесін қосуы тиіс. Ислам діні бұл мәселеге үлкен мән береді, өйткені қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты даму – Алланың жаратқан дүниелеріне құрмет көрсетудің көрінісі болып табылады. Тұрақты даму – қазіргі заманғы қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, келешек ұрпақтардың да табиғи ресурстарды пайдалану мүмкіндіктерін сақтап қалуды көздейтін даму моделі. Тұрақты дамудың негізгі үш бағыты бар. Экологиялық тұрақтылық: Табиғи ресурстарды үнемдеу, экожүйелердің тепе-теңдігін сақтау. Экономикалық тұрақтылық: Қоғамның материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру, табыс пен ресурстарды әділ бөлу. Әлеуметтік тұрақтылық: Әділеттілік, теңдік және барлық адамдардың құқығын сақтау. Исламдағы тұрақты даму ұғымы осы үш компонентті қамтып, адамның Алланың алдында жауапкершілігін, табиғатты сақтау міндетін және әділдікті орнату қағидаттарын ұсынады.

Исламдағы тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғау келесі негізгі қағидаттарға сүйенеді. Әуелгісі, Халифа (қамқоршылық): Адам – жер бетінің қамқоршысы. Алла Тағала адамды барлық жаратылыстың қорғаны, қорғаушысы ретінде жаратты. Ол табиғатты жоюшы немесе оны өз мүддесіне пайдаланып, бүлдіруші болмауы керек. «Ол сендерді жер бетіне халифа етті, сондықтан сендерге берген барлық нәрселер үшін жауап бересіңдер» (Құран, 6:165). Табиғаттағы барлық нәрсе белгілі бір тепе-теңдікте жаратылған. Бұл тепе-теңдікті бұзу – үлкен зиян әкеледі. Адам табиғаттың бір бөлігі ретінде оның тепе-теңдігін сақтауға міндетті. «Алла барлығын өлшеммен жаратты, әрі әрбір нәрсеге лайықты мөлшер бекітті» (Құран,

54:49). Аманат (сеніп тапсырылған міндет): Табиғи ресурстарды дұрыс пайдалану – бұл Алланың аманатына адал болу. Табиғатты қорғау және оны сақтап қалу – әрбір мұсылманның міндеті. «Біз аманатты аспанға, жерге және тауларға ұсындық, бірақ олар оны қабылдаудан бас тартты. Адамдар ғана оны өз мойнына алды» (Құран, 33:72). Исламда ысырап етуге тыйым салынады. Табиғи ресурстарды шамадан тыс пайдалану немесе оларды зая кетіру – бұл шарифатқа қарсы әрекет. «Жендер, ішіндер, бірақ ысырап етпеңдер. Ақиқатында, Алла ысырап етушілерді сүймейді» (Құран, 7:31). Құранда табиғатты қорғау, жердің құнарлылығын сақтау, су мен ауаны ластамау туралы көптеген аяттар бар. Мысалы: «Адамдардың қолымен жасалған қиянаттардан кейін жер бетінде бұзылушылық орнады. Олар істеген істерінің салдарын татуу үшін осылай еттік» (Құран, 30:41). Бұл аят табиғатты бұзушылықтың адам қолымен жасалатынын және оның салдары экологиялық апаттарға алып келетінін ескертеді. Алланың бұйрықтарын сақтай отырып, табиғатқа қиянат жасаудан аулақ болу керек.

Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) табиғатқа ерекше құрметпен қараған. Ол өсімдіктерді заңсыз кесуге, суды ластауға және жануарларға қатыгездік танытуға қатаң тыйым салған. Оның хадистерінде қоршаған ортаға ұқыпты қарау қажеттілігі туралы нақты нұсқаулар берілген. Ағаш отырғызуды алсақ, «Егер Қиямет келіп қалса да, қолыңда бір көшет болса, оны отырғызып үлгерсең, отырғыз» (Бұхари, Әдеп, 27). Бұл хадис ағаш отырғызудың маңыздылығын көрсетеді. Ағаштар – экожүйенің негізі, олар ауаны тазалап, топырақтың құнарлылығын сақтайды. Суды қорғауда хазірет Пайғамбар (с.ғ.с.) ағын суды ластамауға және су көздеріне зиян келтірмеуге бұйырған. Мысалы: «Ағын суда дәрет сындырмаңдар» (Ибн Мәжжах, Тахарат, 20). Ислам жануарларды тек материалдық ресурс ретінде қарауды емес, оларға қамқор болуды насихаттайды.

Жануарларды себепсіз өлтіру, олардың тіршілік ортасын жою – шариятқа қайшы әрекеттер. «Кімде-кім қандай да бір тіршілік иесін зұлымдықпен өлтірсе, ол Қиямет күні соған жауап береді» (Муслим, Сайд, 57). Бұл хадис жануарларға қатыгездік таныту – Алланың алдында жауап беретін үлкен күнә екенін көрсетеді.

Исламда су – ең қасиетті және өмір сүру үшін ең қажетті ресурс болып саналады. Мұсылмандарға суды үнемдеу, оны ластамау және дұрыс пайдалану міндеттелген. Хазірет пайғамбар (с.ғ.с.) суды аз мөлшерде ғана қолдануды бұйырған, тіпті дәрет алу кезінде де ысырап жасамауды насихаттаған. Исламда ауыл шаруашылығын жүргізгенде жердің құнарлылығын сақтауға, тыңайтқыштар мен табиғи әдістерді қолдануға басымдық беріледі. Жерді қайта қалпына келтіру, ауыспалы егіс жүйесін қолдану және органикалық өнімдер өндіру – исламның экологиялық тұрғыдан маңызды нұсқауларының бірі. Исламдағы тұрақты даму және қоршаған ортаны қорғау ұғымдары адамзаттың табиғатқа деген жауапкершілігі мен қамқорлығын көрсетеді.

Табиғатты сақтау, оны қорғау және оның байлығын әділ пайдалану – әрбір мұсылманның діни міндеті. Исламның қағидалары қазіргі заманғы экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған және тұрақты даму тұжырымдамасымен толық үйлесімді. Табиғатқа құрметпен қарау және оны қорғау – мұсылман қауымының Алланың алдында адал болуының және аманатқа қиянат. Исламдағы тұрақты даму ұғымы тек табиғи ресурстарды қорғаумен ғана шектелмейді. Ол жоғарыда айтылғандай, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді кешенді түрде шешуге бағытталған. Құран мен хадистерде табиғатты сақтау, оны қорғау, әділеттілік пен үйлесімділікті орнату туралы көптеген нұсқаулар берілген. Бұл бөлімде исламның тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғауға қатысты көзқарастары талқыланып, оның қағидаттары мен

мұсылмандарға жүктелген міндеттері қарастырылады. Мұның бәрі халал ұғымының экологиялық мән-мағынасын күшейтеді.

Исламдағы этикалық тұтыну және өндіріске келсек, Ислам діні адамдардың тұрмыстық өмірінде ғана емес, олардың экономикалық іс-әрекеттерінде де адамгершілік қағидаттарын ұстануды міндеттейді. Тұтыну және өндіріс саласында әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, тұрақтылық және қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау исламның этикалық құндылықтарының негізгі принциптері ретінде саналады. Мұсылмандардың күнделікті іс-әрекеттерінде, сауда-саттықта және тұтыну әдеттерінде осындай этикалық қағидаларды ұстану – Алланың бұйрықтарына сай өмір сүрудің бір көрінісі болып табылады. Исламдағы этикалық тұтыну тұжырымдамасы ең алдымен ысыраптан сақтануды қамтиды. Құранда мұсылмандарға тек қажеттіліктерін өтеу үшін ғана тұтыну, артық шығын мен ысырап жасаудан аулақ болу қатаң ескертілген. Алла Тағала Құран Кәрімде былай дейді: «Жендер, ішіндер, бірақ ысырап етпендер. Ақиқатында, Алла ысырап етушілерді сүймейді» (Құран, 7:31). Бұл аяттан біз исламда қажеттілік пен тұтыну арасындағы теңгерім сақтаудың маңызды екенін көреміз. Ысырапшылық – тек жеке тұлғаның қаржылық жағдайына ғана емес, сондай-ақ қоғам мен қоршаған ортаға да кері әсер етеді. Ысырап жасаудан сақтану арқылы мұсылмандар табиғи ресурстардың таусылуына қарсы әрекет етеді және болашақ ұрпаққа ресурстарды таза күйінде жеткізуге үлес қосады.

Исламдағы этикалық өндіріс ұғымы да осы принциптерге негізделеді. Өндіріс процесі шарифат талаптарына сай, адал және әділ түрде жүзеге асырылуы керек. Бұл жерде тек өндірілетін өнімнің халал болуы ғана емес, сонымен қатар оны өндіру барысында адам мен табиғатқа келтірілетін зиянның болмауы да ескеріледі. Мұсылмандық этика бойынша, өндірістік қызмет қоршаған ортаны ластамауы, жануарларға қиянат жасамауы

және жердің құнарлылығын бұзбауы қажет. Мысалы, ауыл шаруашылығында химиялық тыңайтқыштарды шамадан тыс пайдалану жердің табиғи құрылымын өзгертіп, экожүйеге зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан ислам мұндай әрекеттерден сақ болуды және тек экологиялық таза, қоршаған ортаға зияны жоқ әдістерді қолдануды ұсынады.

Сонымен қатар, өндіріс барысында еңбек етушілердің құқықтарын қорғау және олардың әділ еңбекақысын қамтамасыз ету де исламның этикалық қағидаттарының ажырамас бөлігі болып табылады. Хазірет пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) былай деген: «Жұмысшының еңбекақысын тері кеуіп үлгерместен беріңдер» (Ибн Мәжжах). Бұл хадис әділдік пен адалдықтың өнегесін көрсетеді, яғни өндірістік процестегі әрбір жұмысшының еңбегі бағаланып, уақтылы төленуі керек. Еңбекті бағаламау, қызметкерлерді әділетсіз пайдалану немесе олардың құқықтарын шектеу – исламның этикалық нормаларына қайшы.

Этикалық өндірісте табиғи ресурстарды үнемдеу, қайта өңдеу және қалдықтарды тиімді басқару сияқты әдістерді қолдану да маңызды. Бұл – тек экологиялық қана емес, сонымен қатар экономикалық тұрғыдан да тиімді шешімдер. Исламда өндіріс кезінде қоршаған ортаны қорғау және табиғатқа құрмет көрсету – Алланың алдындағы жауапкершілік деп қарастырылады. Алла Тағала Құранда былай дейді: «Жер бетінде бүлдіршілік жасамаңдар. Ақиқатында, Алла бұзақылық жасаушыларды жақсы көрмейді» (Құран, 28:77). Осы аяттың негізінде мұсылмандар өндірісте зиянды қалдықтарды азайтып, табиғи экожүйенің тепе-теңдігін бұзбауға тырысуы тиіс.

Этикалық тұтыну мен өндірістің тағы бір маңызды аспектісі – әділ сауда қағидаларын ұстану. Ислам сауда-саттық пен өндірісте адалдықты, ашықтықты және әділеттілікті талап етеді. Хазірет пайғамбар (с.ғ.с.) былай деген: «Адал және сенімді саудагер Қиямет күні пайғамбарлар, шыншылдар

және шәһидтермен бірге болады» (Тирмизи). Бұл хадистен біз мұсылман саудагерінің тек пайда табуды ғана көздемей, сонымен қатар адалдық пен әділеттілік принциптерін сақтауы керек екенін түсінеміз. Бұл қағида қазіргі таңда әділ сауда (fair trade) қозғалысының негізіне алынған, онда тауар өндірушілерге әділ төлемдер төленіп, еңбек жағдайлары жақсартылған.

Исламдағы этикалық тұтыну мен өндіріс тұжырымдамасы бүгінгі күннің тұрақты даму мақсаттарымен үйлеседі. Мұсылмандар өздерінің өмір сүру салтында, сауда-саттықта және өндірісте экологиялық тұрақтылықты, әлеуметтік әділдікті және экономикалық тиімділікті қамтамасыз ететін шешімдер қабылдауы қажет. Мысалы, тұрмыстық тұтытуда адамдар экологиялық таза, қайта өңделетін және зиянсыз өнімдерді таңдауы керек. Бұл арқылы олар табиғатқа деген жауапкершілігін сезінеді және қоршаған ортаны қорғауға өз үлесін қосады.

Қорытындылай келе, исламда этикалық тұтыну мен өндіріс – адамның Алланың алдындағы жауапкершілігін сезінуі, адалдық пен әділеттілік қағидаттарын ұстануы және табиғатқа құрметпен қарауы деп сипатталады. Мұсылмандар тек өз қажеттіліктерін қанағаттандырумен ғана шектелмей, сонымен қатар қоршаған ортаны қорғап, келешек ұрпаққа аманат ретінде таза және қауіпсіз орта қалдыруды мақсат етуі керек. Адалдыққа, әділеттілікке және жауапкершілікке негізделген этикалық тұтыну мен өндіріс принциптері қазіргі заманның экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелерін шешуге де үлкен үлес қоса алады. Халал стандарттарында өндіріс және саудада әділдікті сақтау, артық тұтынуды болдырмау және қоғам мен қоршаған ортаға зиян келтірмеу қағидаларына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл аспект экологиялық этика мен әлеуметтік жауапкершілікті нығайтады. Экология контекстінде халал ұғымы тек шарифат талаптарына сай болумен ғана шектелмей,

қазіргі заманғы экологиялық мәселе-лерге де жауап бере алатын кешенді тұжырымдамаға айналуға. Осылайша, халал стандарттарын экологиялық талаптармен үйлестіру қоршаған ортаны қорғау саласындағы мұсылман қауымының қатысуын арттырып, табиғатқа деген жауапкершілік сезімін дамытады.

2.3 Ислам іліміне сәйкес тазалық, адал және харам табыс көздері

Тазалықтың Ислам дініндегі орнына тоқталар кетсек, адам баласының бұл дүниеге жіберілуінің түпкі мақсаты Жаратушыны тану болса, танығаннан кейінгі кезекте құлшылық жасау тұратыны белгілі. Ал құлшылық өз кезегінде тазалықсыз жүзеге аспайды. Ислам дінінде тазалықтың орны ерекше. Тіпті ол «иманның жартысы» болып есептеледі. Сондықтан да мұсылмандар әрдайым тазалыққа ынталандырылған. Күнделікті құлшылығының бәрі тазалыққа негізделген. Бұл турасында Құранда: «Алла көп тәубе етушілерді және көп тазарғандарды ұнатады», – делінген (Бақара» сүресі, 2/222). Ислам дінінің алғашқы әмірлері де тазалыққа байланысты келген. Алғаш түскен аяттардың бірінде: «Киіміңді таза ұста! Әр түрлі лас істерден аулақ бол», – делінген («Мүддәссир» сүресі, 74/4). Бұл аятта сыртқы және ішкі (рухани) тазалықтың өзара байланысы сөз болған. Мүминдерге жүректі, рухты, бойды, киім-кешек пен арды таза ұстау міндеттелген. Дінімізде тазалық және тазалану мағыналарын білдіретін негізгі ұғым – бұл «тахарат».

Құран Кәрімде тазалыққа қатысты 31 жерде кездесетін негізгі терминдер осы сөзден тарайды. Олар сумен немесе өзге де жолдармен тазалануды, күнәдан, харамнан бойды аулақ ұстауды, сонымен қатар, мінез-құлық пен ахлақ тазалығын, пәктікті білдіреді. Бұған қоса тазалық мағынасына келетін басқа да арабша терминдер бар. Мысалы, «нәзафат» асқан тазалықты,

ал «зәрафат» сөзі тазалықта талғампаздықты білдіреді. Дүние-мүлікті кірден тазарту мағынасында «зекет», нәпсіні күнәдан арылту мағынасында «тәзкия» сөзі қолданылады. Намаз оқу үшін дәрет алып тазалық жасаудың міндеттелуі де тегін емес. Дәрет алмаған жан намаз оқи алмайды. Мәселен, Құрандағы мына аят дәретке, тазалыққа ерекше көңіл бөлетін Құба мешітіндегі сахабалар жайлы түскен: «Алғашқы күннен-ақ тақуалық негізінде құрылған мешітте (Құба мешіті) намаз оқығаның әлбетте ең дұрысы. Онда тазарғанды жақсы көретін адамдар бар. Алла барынша тазарушыларды ұнатады» («Тәуба» сүресі, 9/108). Жан дүниесінің тазалығымен қоса сыртқы, тән тазалығын ұқыптап күткен мүмин Алланың сүйіспеншілігіне бөленеді.

Исламның бес парызының бірі намаз оқу үшін тазалықтың міндеттелуі мұсылманның өмірінде тазаланудың қаншалықты маңызды орын алатындығын аңғартады. Бұған қоса, намазға дайындық барысында дененің, киімнің және намаз оқитын орынның таза болуы шарт. Бұл туралы хазірет пайғамбар (с.а.с.): «Намаздың кілті – тазалық» – деп бұйырған. Құранда Алла тағала Ибраһим (ғ.с.) мен Исмаилға (ғ.с.) тауап етушілер, иғтикаф (оқшауланып құлшылық қылушылар), рүкұғ пен сәждеге жығылушылар үшін Қағбаны таза ұстауды әмір еткен («Бақара» сүресі 2/1256). Бұл ғибадат орындарын, үй-жайды, қора-қопсыны, қоршаған ортаны таза ұстаудың маңызы зор екендігін білдіреді. Хазірет пайғамбар хадистерінде: «Алла – кіршіксіз таза, тазалықты сүйеді», – деп атап өткен. Алла елшісінің: «Тазалық – иманның жартысы, ал әлхамдулиллаһ таразы басын толтырады», – деген өсиетіндегі «тухур» сөзі – сыртқы тазалықпен қоса тәубе ету, кешірім сұрау (истигфар), Аллаға жалбарыну, әрдайым Алланың назарында екенін сезіну, жиі-жиі өз іс-әрекетіне есеп берумен қатар шынайы құлшылық ету арқылы жүзеге асатын рухани тазаруды да қоса қамтитын

кең түсінік. Осы айтылғандарды өмірлік қағида ретінде ұстанған мұсылманның кәміл иман иесі болары анық.

Бұл мәселені екі тұрғыдан қолға алып қарастырған жөн. Біріншіден, тазалық салдыр-салақтықтан арылтса, екіншіден, жүректі жаман әдеттен, нашар мінез-құлықтан айықтырып, тазартады. Міне, жан мен тән тазалығын қамшының өріміндей қатар өрген жан «Тазалық – иманның жартысы» деген пайғамбар өсиетін орындаған болады. Алайда, иманның жүректе нықтап ұялауы – тек Алланың қалауымен болатын дүние. Сайып келгенде, адам құлшылық мақсатында тазалыққа ден қойып, талпынса, жан дүниесі тазарып, сөзсіз оның жүрегіндегі иманы күшеймек. Тазалыққа қатысты тағы бір айта кетерлік мәселе, аяттар мен хадистердің түпкі мәніне үңіліп, зерттеп, зерделеген ғалымдар дінімізде жүрек тазалығының бәрінен жоғары тұратындығы жайлы тоқтамға келген. Өйткені, ардақты пайғамбарымыздың жоғарыда айтылған хадисінде тек сумен атқарылатын сыртқы тазалық айтылмаған. Су арқылы тән кірден арылғанымен жүрек күнәға белшесінен батса, бұның толыққанды тазалыққа жатпасы белгілі. Демек, ішкі және сыртқы тазалық өзара үндескенде ғана ол иманның жарты бөлігін құрайды.

Адал табыс табудың маңызына келсек, табыс пен пайда табуда оның таза әрі халал болуы аса маңызды. Ислам діні бойынша діннің таза деп қабылдаған нәрселерін ғана тұтынған жөн. Яғни, тұтынылатын нәрселердің, заттар мен бұйымдардың діни тұрғыдан халал әрі таза болуы шарт. Мұсылман адам кез-келген нәрсеге діни талғам тұрғысынан қарайды. Неге десеңіз, ол ішкен-жеген нәрселерінің барлығы рухани өміріне, сана-сезіміне, мұсылмандық өмір салтына жағымды-жағымсыз әсер ететінін жақсы біледі. Мүмин кісі өзін рухани әлсірететін нәрселерден барынша бойын аулақ ұстағаны жөн. Мұндай жағдайдың әрі осы дүниеде де, ақиретте де тигізетін салдарларын әрдайым қаперінде ұстайды. Сондықтан да

ішіп-жейтін, қаражат ретінде жұмсайтын нәрселерінің діни қағидаларға сай таза әрі халал болуына аса мән береді. Өйткені, Құран Кәрімде: «Ей, адамдар! Жер жүзіндегі халал әрі таза нәрселерді жеңдер, шайтанның ізіне ермендер, өйткені ол сіздің ап-айқын дұшпаныңыз», – делінген («Бақара» сүресі, 2/168). Сонымен қатар, көптеген жерде мына жайды да есімізге салады: «Ей, адамдар! Сіздер үшін таза етіп берілген ризықтардан жеңдер. Шайтанның соңынан ермендер. Ешқашанда дінге жат алдап-арбауларға бармаңдар. Дінге жат әрекет жасап, өз амалдарыңызды шайтанның ісіне сәйкестендірмеңіздер. Себебі, ол Алланың ең жек көретін дұшпаны». Осыған ұқсас тағы бір аятта бұл жайды одан әрі аша түседі: «Ей, иман еткендер! Сендер үшін халал ризық еткен нәрселерден жеңдер, егер Аллаға шынайы құл болсаңдар шүкіршілік жасаңдар» («Бақара» сүресі, 2/172). Міне, егер Аллаға саналы түрде құлшылық жасау қажет болса, халал, таза етіп жаратқан ризықтарды тұтынумен қатар, шүкіршілік ету қажет.

«Маида» сүресіндегі мына аяттар да Ислам дінінде ненің халал, ненің харам екенін айқын білдірген: «Өлік, қан, доңыз еті, Алла тағаладан басқаның атына сойылған малдар, (жаны шықпай тұрып бауыздалмай) тұншығып өлген, бір жерінен атып өлтірілген, құлап (домалап) өлген, (басқа жануар немесе мал) сүзіп өлтірген, жыртқыш хайуандар тарапынан желінген және тігулі (пұт) тастардың атына сойылған малдарды жеу әрі пал оқтарымен сәттілік іздеу сіздерге харам қылынды» («Мәида» сүресі, 5/3). Бұларды халал есебінде қолданатын халықтар да бар. Алайда Алла тағала таза әрі мінсіз болмыспен жаратқан құлдарына кір, лас болып табылатын нәрселерді лайық көрмейді. Сондықтан болар: «Таза болатындар тазаларға лайықты» («Нұр» сүресі, 24/26) деген қағида негізінде Ислам діні мұсылмандарға лайықты емес нәрселерге тыйым салған. Тазалық дінімізде өте маңызды болғандықтан тұтынатын нәрселеріміздің таза

болуына мән берген жөн. Ендеше, тұтынылатын азықтардың тазалығы мен халалдығына тереңірек назар аударайық. Ислам діні бойынша ішіп-жеуге жарамды әрі жарамсыз нәрселердің ара-жігі ертеден-ақ ажыратылған. Мәселен, алкогольдік ішімдіктерге қатысты Құранда «рижс» сөзі қолданылған, бұл сөз алкогольдік ішімдіктердің әрі рухани жағынан әрі заттық сипаты жағынан лас, харам нәрсе екендігін білдіреді. Мас қылатын барлық нәрсе ішімдік болып саналады. Ислам діні оны мүлік ретінде қабылдамайды. Сондықтан да болар, мәселен бір адам көп мөлшерде алкогольдік ішімдік ұрлаған жағдайда бұл үшін ұрлық жазасы қолданылмаған. Ал егер әлгі ішімдікті төккен болса, келтірген шығыны төлеттірілмеген. Себебі, Ислам құқығы бойынша алкогольдік ішімдік, «мәл-и мүтәқәууим», яғни құны, қадірі жоқ зат болып саналған. Табыс табуға қатысты негізгі мақсаттар мыналар: 1. Алланы таныту жолында; 2. Сауда-саттық; 3. Ауылшаруашылығы; 4. Қолөнер; Осы жолдар арқылы табыс табудың үкімдері: 6 Өзіне, жанұясына және қарыздарын төлеуге жететіндей мөлшерде табыс табу парыз болып есептеледі. 6 Кедейлерге және ағайын-туысқа қол ұшын беру мақсатында көбірек табыс табу мұстаһаб (таңдаулы, ең көркем амал) болып табылады. 6 Жақсы және жеткілікті өмір сүру үшін табыс табу мубаһ (жасалуы мен жасалмауында діни жағынан ешқандай кедергі болмаған, яғни жауапкердің еркіндегі іс-әрекеттер) болып табылады. 6 Халал жолдардан табылса да мақтану, атақ шығару, жарысу, азғындық үшін табыс табу жағымсыз және тыйым салынған.

Ислам – адам баласының тәндік және басқа да қажеттіліктері үшін қажет әрі пайдалы болып табылатын ешбір нәрсені харам қылмаған. Харам, зиян болғаны үшін яки пайдасынан зияны көп болғаны үшін тыйым салынған (мәселен алкогольдік ішімдіктер). Алла тағала қаласа адамдар мұқтаж болатын кез келген нәрсені харам қылуына болар еді. Өйткені, мүлік

иесі – Алланың өзі. Құлдың Раббысына қарсылық жасауға хақысы жоқ. Алайда, Ол мейірімділігінің нышаны ретінде зиян нәрселерді ғана харам етіп, орнын толтыратын, оларға мұқтаж болмайтын пайдалы нәрселердің барлығын халал жасады. Мәселен, бал ашуды харам еткен, мұның орнына истиһара дұғасын жасаудың жолын көрсеткен. Еркектер үшін жібектен киім киюді харам қылған, дегенмен, мұның орнын толтыратын басқа барлық матадан киім киюіне рұқсат берген. Лас және зиянды тағам, сусындарды харам қылғанымен мұның орнына қаншама тағам түрлерін халал етті. Қандай да бір нашар нәрсеге тосқауыл қою сол нәрсеге тыйым салу арқылы жүзеге асады. Сондықтан, Ислам дінінің харам мәселесіндегі ұстанымы да дәл осылай. Мәселен, Ислам діні пайыз алуды да, беруді де харам қылған. Мақсат пайыз алып-берушіні жазалау емес, мақсат – осы күнәнің алдын алу. Бұл үшін жазамен ғана шектеліп қалу жеткілікті болмас еді. Күнәні мүмкіндігінше болдырмаудың жолы соған апаратын барлық факторларды ескеру. Осы себепті пайызды алып-берумен бірге, пайызға делдалдық және хатшылық жасауға да тыйым салынған.

Исламда ниетке өте үлкен мән берілген. Сондықтан да болар, «Амалдар ниеттерге қарай бағаланады» деген қағида алтын негіз болып бекітілген. Ғибадаттардың қабыл болуы ниетке қарай бағаланатыны секілді, кез-келген амал, іс-әрекеттеріміз де ниетке байланысты. Халал жолдан рызық табу үшін еңбек ету, тіпті харамнан бойды аулақ ұстау мақсатында әйелімен төсек қатынасында болудың өзі ғибадат болып есептеледі. Ендеше, осы аталған қағидалар негізінде Исламның тағы бір қағидасын атап өтсек: «Мақсатқа жету үшін қолданылатын жол, тәсіл және құралдар да заңды яғни халал болуы қажет». «Мақсатқа жету үшін барлық жол мен тәсілді қолдануға болады» деп есептейтін макиавеллизмді Ислам мүлдем қабылдамаған. Яғни, жақсы ниетпен жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін харам

жасауға тыйым салынған. Мәселен, мешіт, мектеп, жол, көпір, т.б. қайырлы істер жасау үшін, құмар, пайыз, пара, алдап-арбаумен сауда-саттық жасау секілді харам жолмен табыс табуға болмайды. Осыған қатысты хазірет пайғамбар: «Харам жолдан мал тауып сонымен жасаған садақасы қабыл болған және осыдан берекет тапқан бірде-бір құл жоқ. Қалғаны (малы) болса, жаһаннамға сапарында өзіне азық болады. Күдіксіз, Аллаһ тағала жамандықты жамандықпен өшірмейді, қайта жамандықты жақсылықпен жуады. Дегенмен, лас нәрсе лас нәрсені жуа алмайды», – деген.

Ислам діні халал мен харамды барынша айқындап берген. Дегенмен, харам мен халал арасында күдікті нәрселер де жоқ емес. Тақуалыққа бет бұрған жандар күдік тудырған кез-келген нәрселерден бойын аулақ ұстағаны абзал. Осыған қатысты хадисте: «Халал анық белгілі, харам да анық белгілі. Бұлардың арасында халықтың бір бөлігі халал немесе харам екендігін біле алмаған күдікті нәрселер бар. Дінін және намысын қорғау үшін бұлардан бас тартқандар саламатта болады. Бұлардың кейбірін істеген адам болса харамға жақындаған болады; өйткені қорықтың (тыйым салынған аумақ) шетінде мал жайған адамның (малдарының) қорыққа кіріп кету қаупі бар. Байқасаңыз, әрбір патшаның өзінің қорығы бар. Аллаһтың қорығы болса харам қылған нәрселері болып табылады», – делінген (Бухари, әл-Буйю 2). Әрбір азамат өз елінің басқа елдердің көшінен кері қалып қоймауы үшін еңбек етіп, тер төгері анық. Бұған қоса кез-келген мұсылман тек қарақан басын ғана ойламауы тиіс. Табыс табу жолында өте абай болатын жағдайлар бар екендігін ұмытпауымыз керек. Ислам діні бойынша баршаға ортақ игілікке берілген үш нәрсе бар, бұлар: су, от (энергия ресурстары) және жер. Бұларды қоспағанда әрбір адам, діннің рұқсат еткен салаларында табыс табуына және мүлік иесі болуына болады. Кейбір Ислам ғұламалары

осы үш нәрсеге төртіншісі ретінде табиғи кеніштерді қосады. Дегенмен, көптеген ислам ғұламалары табиғи кендерді жеке меншікке жатқызады. Яғни, жеке тұлғалар табиғи кеніштерді пайдалана отырып, мемлекетке алым салығын төлесе, тапқан табысы өзінің жеке меншігіне айналатынын алға тартқан.

Ислам дінінің пайда табу көздері ретінде рұқсат берген салалар бүкіл қоғамның экономикалық өмірін дамыта алатындай жеткілікті мөлшерде болып табылады. Алла тағала экономикалық өмірде тыйымдарды анық белгілеген. Ислам діні бойынша, пайыз алу және беру, алдап табыс табу, қара базар (контрабанда, заңсыз сауда-саттық, т.б.), пара алу және (биржалық) спекуляцияның барлығы харам. Алла тағала Құранда адамдарды әрдайым заңды түрде жұмыс жасап, заңды жолдардан табыс табуға үндейді. Исламда халал кіріс көздеріне мыналар жатады: а) Аң аулау. Бұл мәселеде қандай да бір шектеу жоқ. Яғни, жерде, суда, аспанда болсын барлық жерден аң аулауға болады. Құран бұл мәселені бірнеше аятта баяндай келе мүминдер үшін аңшылық өлшемдерін берумен қатар осыған ынталандырады. ә) Кеніштер және жер асты байлықтары «Рызқты жердің терең қатпарларында ізденіңдер» деген сөзге хадис тұрғысынан сын айтылса да, ақиқатты баяндау тұрғысынан қолға алынуы қажет өте маңызды мәселе. Жер асты байлықтары қазіргі таңда тек аты ғана белгілі қазба байлықтарынан тұрмайды. Болашақта қандай жерлерден қандай қазба байлықтар өндірілетіні, адамзат игілігіне берілетіні бір Құдайға аян. Әсіресе, әр түрлі қазба жұмыстары нәтижесінде табылатын қымбат бағалы заттар мен қазыналар да осы байлықтардың аясына кіруі мүмкін. Міне, Исламның пайдалы деп есептеген жер асты байлықтарының өзі үлкен табыс көзі екен. б) Сауда Сауда-саттықты ынталандыратын хадистердің көп екендігі белгілі. «Өзгелерді алдамайтын, тура және сенімді саудагер ақиретте пайғамбарлар, ізгілер және шейіттермен бірге

қайта тірілтіледі» (Ибн-Мәжә, Тижарат, 1). «Турашыл саудагер ешбір көлеңке болмайтын сол күні (қиямет күні) Арштың көлеңкесінде тірілтіледі» (Сонда). «Рызықтың онда тоғыз бөлігі саудада» (Сонда). Бұл хадистерден көріп отырғанымыздай, Ислам мүминдерді әрдайым сауда-саттыққа ынталандырып отырған.

Исламның өркендеп тұрған дәуірлерінде сауда-саттық, мұсылмандардың дамып-өркендеуінің ең маңызды құралдардың бірі болған. Сауда-саттық – ең негізгі табыс көзі саналған.

в) Қолөнер де – маңызды табыс көздерінің бірі. Қолөнерімен жасалған барлық еңбектер Исламның негізгі қағидаларынан ауытқымаған жағдайда осы салаға кіреді. Кілем және тоқыма, қолдан жасалған әшекей бұйымдары, түрлі оймалар бұлардың барлығы да шеберлердің қолынан шыққан қолөнер бұйымдары болғандықтан заңды табыс көзіне жатады.

г) Жұмыскерлік – қол еңбегі, маңдай терімен еңбек етіп, жұмыс жасап табыс табу және т.б. осындай жолдармен келетін табыс. Жұмысшы болу – Алла тағаланың құрметпен атаған және Пайғамбар (с.а.с.) ынталандырған еңбек түрлерінің бірі. Бұл жайлы бір аятта былай делінген: «Амал жасап (жұмыс) істендер. Алла, пайғамбар және мүминдер сіздің істегендеріңізді (еңбектеріңізді) көретін болады (деп айт)» («Тәубә» сүресі, 9/105). Бір хадисте: «Алла өз (маңдай тер, адал) еңбегімен күн көретін құлын жақсы көреді», – делінген (Ибн Мәжә, Зүһд, 5). Демек, Жаратушы ие еңбекқор, жұмыскер, қолынан іс келетін епті мүминдерді әрі жақсы көреді, әрі оларға қошемет жасайды. Басқа бір хадисте: «Сіздің араңыздан ешқайсыңыз өз (қолының) еңбегімен тапқан астан әлдеқайда таза (адал) ас жей алмайды», – деген (Бухари, Бұйү, 15). Яғни, қол еңбегі ең қайырлы рызық болып саналған. Көріп отырғанымыздай, маңдай тер, адал еңбегімен табылған рызықты Алла да, пайғамбар да қошеметтеуде. Осы жерде мына бір оқиғаны

тілге тиек ете кетелік. Бірде Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) әлдебір шаруамен Мәдина шаһарының сыртына шыққан болатын. Қайтар жолда оны бау-бақшасында жұмыс істеп жатқан бір сахабасы шақырады. Пайғамбар әлгі кісінің қасына барғанда, оның кетпен ұстап, әбден тілімделген қолын көріп, қатты сүйсінеді. Тіпті оның қолдарын өзінің қасиетті жүзіне тигізіп: «Алла разы болатын қолдар міне осындай қолдар» деген. Пайғамбар еңбекқор жанның қолымен жүзін сипай отырып қияметке дейінгі жұмысшылар, шаруалар мен еңбекшілердің адал еңбегінің маңызын, сонымен қатар қай дәуірде болмасын еңбек еткен адамға деген құрмет-қошеметтің өлшемін көрсеткен. ғ) Ислам дінінің адал деп есептеген табыс көздерінің бірі – олжа. Белгілі бір кезеңдерде мұсылмандар олжа арқылы үлкен байлыққа кенелген. Мәселен, Омар ибн Абдулазиз дәуірінде зекет алатын жан болмаған деседі. д) «Икта» – мемлекет басшысы немесе оның өкілеттік берген сенімді басқарушы қызметкерінің кейбір жер алқаптарын мұқтаж жандарға беруі олардың меншіктік құқыққа ие болуын қамтамасыз етуі. Әдетте мұндай жер телімдері ешқандай мұрагері жоқ жандардан мемлекет меншігіне өту арқылы беріледі, яки бос жатқан иесіз алқаптардан үлестірілетін болған. «Кімде кім бос жатқан тың жерді игерсе, ол жер сол кісіге тиесілі» деген хадис және осыған ұқсас көптеген хадистер осы табыс көзінің адалдығын меңзейді. е) Зекет және садақа. Зекет Ислам дінінде толықтай сақтандыру жүйесі секілді функция атқаратын құрылым болып табылады. Құран аятында былай делінген: «Зекет, Алладан бір парыз ретінде кедейлерге, мұқтаждарға, оны (зекет) жинаушы қызметкерлерге, жүрегін исламға жібіту үшін (арнайы) жандарға беріледі және құлдар, қарызданғандар, Алла жолындағылар, жолда қалғандар үшін арналады (жұмсалады)» («Тәубә» сүресі, 9/60). Мінекей зекет осылайша аятта аталған топтар үшін маңызды кіріс көзі болмақ.

Мұнымен қоса зекет – жүректі сараңдық сырқатынан арылта-тын, бай жандарда мейірім мен сүйіспеншілік сезімін оятатын ғибадат түрі. Зекет арқылы кедей жандардың жүрегіндегі қызғаныш пен ыза жойылады. Өздері үшін көмек қолын созған байларға сүйіспеншілік пен құрметі артып, қоғамда бірлік пен бауырластық сезімдері күшейеді. Зекет арқылы мал-мүлік «кірден» тазарады. Исламның заңды деп рұқсат берген кіріс пен табыс көздерін жоғарыда аталған сегіз саламен шектеп қоюға болмайды. Осы саланың өзін бірнеше тармақтарға бөле аламыз. Яғни, Исламда жоғарыда аталғандардан басқа да көптеген табыс көздері бар. Алайда басқа жүйелердің заңды деп тапқан кіріс не табыс көздерінің кейбіреулері Исламда заңды болмайтын жағдайлар да кездеседі. Сондықтан болар Ислам діні бұл салада да ешқандай қайшылыққа жол берместей етіп өлшеммен жөн сілтеген. Мұсылман адамның мемлекеттік мекемелерде және жеке компанияларда қызметкер немесе жұмысшы ретінде еңбек етуіне діни тұрғыдан шектеу қойылмайды. Алайда басқарушылық немесе төрағалық секілді жауапты қызметтерді өзі талап етуі дінде аса құпталмайды. Бір хадисте: «Басқарушылар, төраға немесе қорғаушылардың (әскери басшылар) жағдайы аянышты. Қиямет күнінде кейбір топтар: «Әттең, үркер жұлдыздарына шашымыздан асылып көкпен жердің арасында сілкіленсек, бірақ жауапкершілікті мойнымызға алмаған болсақ», – деп өкінеді» деп айтылады (Ибн Мәжә, әл-Тижарат 3). Дегенмен оның қарым-қабілетін бағалап, басқа адамдар басшылыққа ұсынған жағдайда жауапкершілікті қабылдауында ешқандай әбестік жоқ. Сахаба Абдурахман ибн Сәмураға (р.а.) Мұхаммед пайғамбар былай деген: «Басшылыққа ұмтылма! Себебі, басшылыққа еркіңнең тыс тағайындалсаң, Алладан көмек келеді, ал оны өзің талап етсең, онда жеке өзің мойынмен көтересің» (Мүслим, әл-Имарах 13). Ислам діні табыс табу

